

ҚАЗАҚСТАН БІЛІМ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

ЭДЕП нормалар үстенімдер
акпараттың құндылықтар
кеңісім дәрбестік СЕҢІМ білім «зияның тимесін»
зерттеу жаңа АДАЛДЫҚ құпиялылық
«зияның тимесін» пайда иғілік
«зияның тимесін» тәуекел

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛЕРДІҢ
ҚАЗАКСТАНДЫҚ ҚОҒАМЫ



KERA
KAZAKHSTAN EDUCATIONAL RESEARCH ASSOCIATION

ҚАЗАКСТАН
БІЛІМ ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ
ӘДЕП КОДЕКСІ

Нұр-Сұлтан – 2020

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Қ90

Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы (KERA) хатшылығының 2020 жылғы 9 қыркүйектегі жиналышында мақұлданды (№ 2 хаттама).

Рецензенттері: Білім саласындағы PhD докторы, Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің профессоры Элейн Шарплин (Elaine Sharplin), педагогика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Фалиябану Кертаева.

Жоба жетекшісі: Аида Сағынтаева.

Жобалық топ мүшелері: Елдос Нұрланов, Әділ Әшірбеков, Алима Ибрашева, Закир Джумаколов, Айгүл Ракишева, Ләйла Әбдіманапова.

Кітапты беттеп, мұқабасын әрлеген: Дилара Писарева.

**Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. Бірінші басылым.
Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. 68 6.**

ISBN 978-601-332-946-8

Білім зерттеушілерінің әдеп кодексін Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебімен әріптестікте әзірледі. Зерттеу әдебі зерттеу адалдығын сақтау жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Осыған орай Кодекс білім саласы мысалында зерттеу әдебінің негізгі сипаттамаларын тұжырымдай отырып, республикада аталған жүйенің құрруға алғышарт туғыздады. Білім зерттеушілері мен зерттеумен айналысадын үйімдар Кодексті қабылдай отырып, өз зерттеулерінің әрбір кезеңін Қазақстан заңнамасы мен халықаралық стандарттарға сай жүргізуге мышығады, зерттеуде әдептік (этикалық) тұрғыдан орынды саналатын ұстанымдар мен қағидалардың кеңінен таралуына септігін тигізетін болады.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-332-946-8

© «Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы» қоғамдық бірлестігі, 2020

Мазмұн

1. Алғы сөз.....	4
2. Ризашылық.....	7
3. Глоссарий.....	8
4. Кіріспе.....	16
4.1. Кодекс мақсаты.....	16
4.2. Кодекс реттейтін мәселелер.....	16
4.3. Кодекс құрылымы.....	18
4.4. Кодекске арқау болған дереккөздер.....	18
4.5. Кодексті қолданушылар.....	19
5. Білім зерттеушісінің құндылықтары мен ұстанымдары.....	21
5.1. Білім зерттеушісінің құндылықтары.....	21
5.2. Білім зерттеушісінің ұстанымдары.....	21
5.2.1. Құрмет.....	22
5.2.2. Қамқорлық.....	22
5.2.3. Әділдік.....	22
5.2.4. Ұнсаптылық.....	23
5.2.5. Есептілік.....	23
5.2.6. Кәсіпқойлық.....	23
6. Білім зерттеушісінің әдеп ережелері.....	24
6.1. Мүдде қайшылығы.....	24
6.2. Зерттеуден зиян тиу тәуекелі және зерттеу пайдасы.....	25
6.3. Ақпаратты келісім.....	27
6.4. Зерттеудің қауқарсыз қатысуышыларымен жұмыс.....	34
6.5. Құпияллылық сақтау және дерекке қол жеткізу.....	36
6.6. Зерттеу нәтижелерін жариялау мен тарату.....	41
6.7. Цифрлық зерттеу әдебі.....	43
7. Зерттеу жүргізетін ұйымдардың жаупкершілігі.....	46
7.1. Зерттеу әдебінің сақталуына жағдай туғызу.....	46
7.2. Әдептік сараптама.....	48
7.3. Өтпелі ережелер.....	53
8. Дереккөздер.....	55
9. Қосымшалар.....	63

1. Алғы сөз

Зерттеушінің әдеп кодексін әзірлеу қажеттілігі жөнінде бірнеше жылдан бері айтылып келеді. Себебі, зерттеуші бүгінде бөлек бір мамандықта айналды да, өзінің арнары нормалары мен ережелерін қажет ететін дәрежеге көтерілді. Білім зерттеулерін мамандандырудың (кесібілендірудың) алғашқы қадамы Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамын (KERA-ны) құрумен айшықталды. Ендігі қадам – зерттеушілердің кесіби нормаларын анықтау. Білімдегі зерттеулер әлдебір бағынысты жағдайдағы адамдарды қатысушылар ретінде тартуды көздейтіндіктен, аталған нормалардың көбісі әдептік түрғыдан едәуір өткір болып келеді. Зерттеушінің әдеп кодексін әзірлеу идеясының негізінде жатқан мәселе – ол Қазақстанның зерттеу адалдығын сақтау жүйесін құру. Мұндай жүйенің бір бөлігін халықаралық тәжірибеде кеңінен тараған зерттеулерді әдеп түрғысынан реттеу үстәнімдары, нормалары мен рәсімдері құрайды.

Зерттеу әдебін бәрінен бұрын жоғары оқу орындары мен зерттеу институттарының зерттеушілері сақтау керек екені түсінікті. Олар зерттеулер өткізіп қана қоймай, ғалымдардың жаңа буынын тәрбиелейді. Бұл буын өз зерттеу жобалары арқылы күрделі мәселелерді айқындал, өз қызметінің саласын жетілдіретініне, осылайша қоғам өмірін жақсартынына және әлемдік білім қорына өзінің бірегей үлесін қосатынына кәміл сенетін болады.

KERA Кодексті әзірлеу мәселесін 2016 жылдан бері ойластыруда. Сол жылы біз Ұлыбритания университетінің бірінде докторантурада оқып жүрген бір қандасымыздан хат алдық. Ол жаз мезгілінде Қазақстанға келіп алаңдық зерттеулерді жүргізбек болды. Британдық университеттің нұсқауы бойынша Қазақстандағы зерттеу өткізу үшін әдептік мақұлдау/ сараптаудан өту жөнінде сұрады. Өкінішке орай, біз KERA-да, я болмаса қайсыбір қазақстандық ЖКОО мен институтында ондай рәсім өткізетін Әдеп комитетінің жоқтығын, болған күнде де (мысалы, Назарбаев Университетіндегідей) бөгде үйимдарға әдептік зерттеу сараптамасын өткізбейтінін хабарладық. Осыған байланысты шет елде оқып жүрген отanda-сымыз шетелдік университеттің сараптамасымен жұмыс істей беруіне тұра келді. Осы сәттен бастап біз елімізде зерттеу әдебінің жүйесін

қалай құруға болатыны туралы ойлай бастадық. Біз заманауи білім зерттеулерін жобалау жөніндегі тренингтерден бастадық. 2019–2020 жылдары адам қатысындағы зерттеу әдебінің негіздері бойынша тренингтерді елімізде педагог кадрларды даярлайтын 7 университетке арнап өткіздік.

Әдеп кодексін жазу жұмысының бастауы ретінде өткен жылдың қазан айында Назарбаев Университетінде өткен пікірталас клубын атап өткен жөн. Оған университеттің Жоғары білім беру мектебінің профессорлары мен ғылыми қызыметкерлері, КР Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті мен Білім және ғылым салаларындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің, бірқатар ведомстволық ұйымдардың жетекшілері, соңдай-ақ шетелдік профессорлар Дэвид Бриджес (David Bridges), Джон Элиот (John Eliot), Коллин Маклафлин (Colleen McLaughlin) (Ұлыбритания) мен Марита Ховейд (Marit Hoveid) (Норвегия) қатысты. Пікірталас қорытындысы білімдегі шетелдік кәсіби ассоциациялардың кодекстерін (нұсқаулықтарын) негізге ала отырып, Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексін жасаудағы ниетімізді нықтады.

Біз бұл құжат ауқымы бойынша Қазақстан біліміндегі алғашқы салалық әдеп кодексінің болатынын түсіндік. Бұл жұмысқа, біріншіден, республикамыздағы зерттеулерді жоспарлап өткізу тәжірибесін біletін, екіншіден, халықаралық дәрежеде мойындалған зерттеу қызыметінің қыр-сырынан хабардар мамандарды тарту қажет болды. Осы себепті Кодекстің әзірленуі мен рецензиялауына құрамында сегіз жылдан бері қызымет етіп жатқан, ғылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитеті бар Назарбаев Университетінің ғылыми қызыметкерлері мен профессорлары белсене араласты.

Зерттеу әдебінің теориялық негіздерін іздей келе, деонтологияға жолықтық. Одан зерттеушілер үшін маңызды этикалық құндылықтар туралы мәлімет жидық. Зерттеу әдебінің мақсаты, ең алдымен, «зияның тимесін» деген әмбебап қағидаға келіп саяды. Бұл қағида зерттеудің әлеуettі қатысушыларының автономдығы (дербестігі), олардың жеке өміріне қол сұқпау және жеке деректерін қорғау сынды құқықтарына құрмет көрсетіле отырып сақталады.

Қазақстанда зерттеу қызметіне демократиялық және азаматтық қоғамның маңызды құралы ретінде қызығушылықтың артып келе жатқаны көңіл көншітеді. Мұндай маңызды қадамдардың бірі еліміздің 2005 жылды Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактін ратификациялауы болды. 1966 жылды қабылданған бұл пактіде ғылыми зерттеулер бостандығы, яғни «ғылымға саясаттың және т.б. күштердің араласуын болдырмау» және «кәсіби ғалымдардың ең жоғары әдеп нормаларының стандарттарын сақтау міндеті» бекітілген (Совет по правам человека ООН, 2012, п. 39). Біз зерттеудің белгілі бір кезеңдерінде қалыптасатын, қоғамдық қатынастарды реттейтін ҚР заңнамасының осы және т.с.с. талаптарын ескеруге тырыстық.

Біз осы Кодекс және оның арнасында қолға алынатын т.б. шаралар зерттеу өткізудің мүмкіндігін шектемей, керісінше, барынша көп мүдделі адамдардың білім саласындағы зерттеулерін халықаралық деңгейде мойындалған әдіс-тәсілдерге сай өткізулеріне жол ашады деген үміттеміз.

КЕРА Президенті,
Аида Сағынтаева

2. Ризашылық

Осы Кодекс Назарбаев Университеті Әлеуметтік даму қорының (ӘДҚ) демеушілігімен 2019 жылғы қазан және 2020 жылғы шілде аралығындағы жобасы аясында дайындалды. Біз осы қордың президенті Аслан Сәрінжіповке көрсетілген көмек пен қолдауы үшін алғысымызды білдіреміз.

Жобаны KERA жетекшісі Аида Сағынтаева басқарды. Жобаның орындаушы-авторлары – KERA өкілдері Елдос Нұрланов (глоссарий, кіріспе, 5-бөлім, 6.1, 7.1, 7.3 параграфтары, құрылымы мен тұжырымда-масы, нормаларды Қазақстан контекстіне бейімдеу, қазақ тіліндегі аударма мен мәтін редакциясы), Айгүл Ракишева (6.2, 6.4 параграфтары, дереккөздерді АРА тәртібімен ресімдеу), сондай-ақ Назарбаев Университеті Жоғары білім беру мектебінің (НУ ЖБМ) ғылыми қызыметкерлері Әділ Әшірбеков (6.5, 6.6 параграфтары, нормаларды түзу құралдары), Алима Ибрашева (6.3 параграфы, қосымша, Кодекс мәтінінің ғылыми редакциясы), Закир Джумаколов (7.2 параграфы), Ләйла Әбдіманапова (6.7 параграфы, қазақ тіліне аудару).

Авторлар ұжымы Кодекті дайында барысқан барлық кісілерге алғыс білдіреді. Жобаны ұжымдастыруға көмек көрсеткендері үшін ӘДҚ-ның Басқарушы директоры Анар Утешоваға, Назарбаев Қорының білім беру жөніндегі бас сарапшысы Назипа Аюбаеваға, Әлеуметтік жобалар департаментінің директоры Дина Кененсариноваға және бас менеджер Мадина Каримоваға рақмет айтамыз.

Біз профессор Элейн Шарлин, қауымдастырылған профессор Дүйшонкул Шаматов, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Фалиябану Кертаева, Кембридж университетінің профессоры Дэвид Бриджеске және НУ ЖБМ қауымдастырылған профессоры Алия Кужабековаға құнды ескертулері мен ұсыныстары үшін ризамыз.

3. Глоссарий

Ақпаратты келісім – бұл зерттеуге қатысуыш ретінде тартылағын адамдарға тиісті құрмет көрсетуді және олардың зерттеуге ерікті әрі саналы қатысуын қамтамасыз ететін, әдеп түрғысынан ең негізгі үрдістің бірі. Бұл үрдістің мағынасы мынада: бірде-бір зерттеу оның қатысуышылары ол жөнінде толық ақпарат алмайынша, ал зерттеуші осы адамдардан, қажет болса, олардың заңды өкілдерінен келісім алмайынша жүргізілмейді.

Қазақстан заңнамасында бұл термин «ақпараттандырылған келісім» немесе «хабарландырылған келісім» деген атаулармен белгілі¹ және негізінен медициналық зерттеулер саласына қатысты аталағы. Оның ресми анықтamasы: «зерттеу субъектісінің немесе оның заңды өкілінің шешімді қабылдау үшін маңызы бар барлық зерттеу аспектілері туралы ақпаратты алғаннан кейін нақты зерттеуге қатысу келісімін ерікті растау рәсімі» (ҚР ДСМ, 2019, 2-баптың 1-тармағы; ҚР ДСӘДМ, 2015, 2-қосымша, 1.13 тармағы).

Әдептік сараптама дегеніміз – зерттеудің әлеуетті қатысуышыларына қаншалықты зиян тиу тәуекелдерінің барын және олардың мүдделері мен құқықтарының қаншалықты қорғалғанын бағалайтын, Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет мүшелері жүргізетін рәсім. Бұл рәсім білім зерттеушісіне адамдарды тарта отырып өз зерттеуін мүмкіндігінше қауіпсіз, үйімда қабылданған әдеп қағидалары мен нормаларын сақтауына көмектеседі.

Білім зерттеушілері – білім саласындағы зерттеу жобаларын (зерттеулерді)² жоспарлап жүргізетін ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлер мен білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтер, студенттер мен докторанттар. «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі педагогтер» деп ҚР 2019 жылғы «Педагог мәртебесі туралы» Заңындағы «педагогтерді» түсінеміз.³

Жалпыланған білім (generalizable knowledge) дегеніміз – белгілі бір саладағы теория аясын немесе онда бұрыннан бар білімді

¹ Біздің ойымызша, термин қолданысқа кеңінен енү үшін қысқа және тілге орайлы аталғаны жөн.

² Осы Кодексте «зерттеу жобалары» мен «зерттеулер» үғымдары синонимдер болып табылады.

³ «Кодекс реттейтін мәселелер» атты 4.2 параграфында «зерттеу» үғымының анықтamasын қараңыз.

кеңейтетін ақпарат. Оның бенефициарлары осы саладағы өзге зерттеушілер, ғалымдар мен практиктер болып табылады. Мұндай ақпарат жеке бір ситуация немесе бағдарламамен шектелмейтіндіктен, әр алуан жағдайларға және халықтың әртүрлі топтарына қолданылуы мүмкін, сондықтан ол жөнінде саладағы барынша көп мүдделі адамдарды хабардар ету үшін зерттеу нәтижелері ашық жарияланады, таныстырылады әрі таратылады.⁴

Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет – бұл белгілі бір үйимның қолдауымен жүргізілген зерттеулерге тартылатын адамдардың құқықтарын, әл-ауқаты мен құпиялылығын қорғауға арналған үйимшілік әкімшілік орган.⁵ Мұндай комитет өзінің ережесінде бекітілген зерттеу әдебінің қағидалары мен нормаларына сүйене отырып, зерттеу жобаларына сараптама жүргізеді. Осы комитет туралы толығырақ білу үшін «7.2. Әдептік сараптама» параграфымен танысыңыз.

Зерттеу жүргізетін үйимдар – білім саласына қатысты зерттеудерді өз ішінде жүргізетін немесе жүргізілуіне қолдау көрсететін мектепке дейінгі үйимдар, мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, ғылыми, аналитикалық, консалтингтік және т.с.с. үйимдар.

Зерттеу инфрақұрылымы – бұл зерттеу жүргізуге мүмкіндік беретін, оны тиімді басқаруға, зерттеушілерді оқытуға, сонымен қатар зерттеушілік және инновациялық әлеуетті сақтап арттыруға қолайлы жағдай туғызатын құрал-жабдық, компьютерлік бағдарламалар, аспаптар, материалдар мен қызыметтердің жиынтығы (FIRI, 2014, Р. 8). ҚР «Ғылым туралы» Заңында осыған үксас «ғылыми инфрақұрылым» ұғымы бар, алайда оның аясы зерттеу инфрақұрылымынан тар болып көрінеді (ҚРЗ, 2011, 1-баптың 13) тармақшасы).

Зерттеуге қатысушының жеке деректері дегеніміз – осы қатысушының жеке басын айқындауға мүмкіндік беретін кез келген мәлімет. Мұндай мәліметті «идентификатор» немесе «айқындауыш» деп те атайды. Идентификаторлар тұра (төлкүжат деректері, электрон-

⁴ Determining Whether IRB Review is Required for an Activity. (2019). <https://www.umass.edu/research/guidance/determining-whether-irb-review-required-activity>

⁵ What is the Institutional Review Board (IRB)? (2017, May 17). <https://research.oregonstate.edu/irb/frequently-asked-questions/what-institutional-review-board-irb>

ды поштасы, телефон нөмірі, фотосуреті және т.б.) және **жанама** (ұлты, кәсібі, отбасылық жағдайы, діни көзқарасы және т.б.) болып бөлінеді (Frankenfield, 2020). Интернет-технологиялардың кеңінен таралуы жеке деректер түрлерін көбейтті (IP мекенжайы, логин/домен, т.б.) (Grimes, 2019). Берілген анықтама ҚР заңнамасындағы «дербес деректер» деп аталған ұғымға сәйкес келеді: субъектіге қатысты немесе оны айқындастын, электрондық, қағаз және/немесе өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер (ҚРЗ, 2013, 1-баптың 2) тармақшасы).

Зерттеуге қатысушының жеке деректерін иесіздендіру (деидентификация) – бұл зерттеуге қатысқан адамның жеке басын айқындауды болдырмау үшін осы адам мен оның деректері арасындағы байланысты жою процесі. Ол мәліметті өшіру, кодтау, бүркеншік ат тағайындау және т.с.с. тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Берілген анықтама ҚР заңнамасындағы «дербес деректерді иесіздендіру» деп аталған ұғымға сәйкес келеді: деректердің субъектіге тиесілігін анықтау мүмкіндігін болдырмайтын іс-әрекеттер (ҚРЗ, 2013, 1-баптың 7) тармақшасы).

Зерттеуге қатысушының заңды өкілі – кәмелетке толмаған немесе өзінің дene бітімі не психикалық жағдайы бойынша өз құқықтарын өздігінен жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған, жеке тұлғаның атынан оның құқықтары мен заңды мүдделерін заңнамаға негізінде қорғайтын кісі. Бұл анықтама ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінде бекітілген «Жеке тұлғаның заңды өкілі» деген құқықтық ұғымның сипаттамасына сәйкес келеді. Бұл кодекске сәйкес жеке тұлғаның заңды өкілдеріне «ата-анасы, асырап алушылары, қорғанышылары, қамқоршылары» жатады (ӘҚБК, 2014, 746-баптың 1-ші және 2-тармақтары).

Зерттеуден зиян тиу тәуекелі дегеніміз – зерттеуге қатысу салдарынан адамның денсаулығы, ақыл-ойы, мүлкі, беделіне және басқа да жағынан зиян келу ықтималдығы. Зиян тек зерттеу қатысушысына ғана емес, зерттеушінің өзіне де тиоі мүмкін. Мысалы, егер зерттеуге қатысушылар шалғай, жетуге қын өлді-мекенде тұратын болса, ол жерлерге сауалнамаларды жеткізу немесе адамдардың тұрғылықты жерлерінде сұхбат жүргізу білім зерттеушісіне белгілі бір қауіп-қатер туғызады.

Зерттеуден зиян тиу тәуекелі (1) минимумынан жоғары және (2) минимумынан төмен болып бөлінеді:

- **Минимумынан жоғары зерттеу тәуекелі** зерттеуге қатысушылардың қолайсыз жағдайға тап болу мүмкіндігі мен сипаты алаңдаушылық туғызған кезде пайда болады, әсіреле зерттеудің әлеуетті қатысушылары қауқарсыз деп танылғанда;
- **Минимумынан төмен зерттеу тәуекелі** зерттеуге қатысушыларға зиян тиу ықтималдығы алаңдатпаған кезде пайда болады, яғни зерттеуге қатысудан адам сезуі мүмкін қолайсыздық мөлшері оның әдеттегі дәрігердің тексеруі, емтихан тапсыру сынды рәсімдерден аспайды деген сөз.

Зерттеудің оған қатысатын адамдарға пайдасы деп зерттеуге қатысушылардың оған қатысқаны үшін алуы немесе қалауы мүмкін иғлігі. Мұндай пайда **тура және жанама** болып келеді. Зерттеулердің басым көпшілігінің пайдасы жанама, яғни оның иглігі бір кісіге емес, бүкіл қоғамға арналады. Ал оның әсері әдетте уақыт өте сезіледі. Тура пайдасы бар зерттеулер практикада аса сирек кездеседі. Мысал келтірер болсақ, қайсыбір адам зерттеуге қатысқаны үшін оның үйымдастырушыларының, ғылыми қызыметкерлерінің есебінен оқыту семинарынан өтуі, я болмаса, олардан азын-аулақ ақша алуы. Зерттеудің оған қатысатын адамдарға пайдасын ойластырған кезде зерттеуші өз жұмысына керекті кісілерді тартуды көздейді. Алайда бұл ниет зерттеуге қатысушылардың деректерді бұрмалап, әсірелеуіне әкелмеуеге тиіс.

Зерттеудің қауқарсыз қатысушылары⁶ деп өмірде болған жағдайы мен жеке басының ерекшелігіне орай өз құқықтары мен мұдделерін толыққанды қорғай алмайтын зерттеу қатысушыларының арнайы санатын айтамыз. Осы тұрғыдағы халықаралық және ұлттық тәжірибелі (Назарбаев Университетінің институционалдық зерттеу әдебі жөніндегі комитетінің тәжірибесін) ескере отырып, зерттеудің қауқарсыз қатысушыларына келесі адамдар топтарын жатқызамыз:

- балалар (кәмелетке толмағандар);
- аяғы ауыр әйелдер;

⁶ Заңнамада медициналық зерттеулерге қатысты қатысушылардың бұл санатын «осал» немесе «қауқарсыз» деп аударады (ҚР ДСМ, 2018, 1-қосымша, 6.3.3 тармақшасы; ҚР ДСӘДМ, 2015, 1.59 тармағы). Біз екінші нұсқасын ұтЫмдырак деп санаймыз.

- белгілі бір күрделі кезеңді (босанғанға дейінгі, кейінгі мерзімді, т.б.) басынан өткөріп отырған әйелдер;
- сауаты жеткіліксіз (шектеулі) тұлғалар;
- тұрмысы тәмен азаматтар;
- студенттер (оқытушымен қарым-қатынаста);
- қызыметкерлер (жұмыс берушісімен қарым-қатынаста);
- пенитенциарлық жүйе мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдар;
- ақыл-ой және тән саулығында ауытқулары бар адамдар;
- тәуелділігі бар адамдар (ішімдікке, есірткіге, ойынға, т.б.).

Ұсынылған тізімді толық деп қабылдамаған дұрыс, өйткені практикада зерттеуге қатысатын өзге де адамдар басқаларына қарағанда көбірек қамқорлықта мұқтаж болуы мүмкін. Мысалы, тіл мен мәдениетінің ерекшеліктеріне орай репатрианттар немесе мигранттар; бұрын құқық бұзушылығы үшін жазаға тартылған, алайда ол жөнінде өзгелердің білуін қаламайтын кіслер зерттеу барысында қосымша қорғау шараларын қажет етеді. Зерттеудің әлеуетті қатысушыларын қауқарсыз топтарға жатқызу туралы қорытынды шешімді Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет қабылдайды. Зерттеудің қауқарсыз қатысушылары «халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары» құқықтық терминіне үқсас келеді. Дегенмен оларды бір-бірінен ажыратқан дұрыс. Себебі, соңғы термин өмірлік жағдайларына байланысты баспанасынан, асыраушысынан немесе еңбек ету қабілетінен айырылған адамдарға әлеуметтік көмек көрсету үшін қолданылады. Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын азаматтардың едәуір толық тізбесі КР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңында берілген (ҚРЗ, 1997, 68-бап).

Зерттеудің қауқарсыз қатысушыларымен жұмыс жасаудағы оқыту әдістері деп кері оқыту әдістерін (Teach-back) айтамыз. Бұл әдістердің басты ұстанымы – мүмкіндік пен жеткілікті уақыт берілсе, әрбір адам кез келген ақпаратты түсіне алады (González-Duarte et al., 2019, p. 219-220). Ол үшін зерттеуші:

- әуелі зерттеу туралы әңгімелейді (мақсатын, тәуекелдерін, пайдасын, деректерді жинау тәртібін, бас тарту мүмкіндігін және т.б. түсіндіреді) және/немесе әлеуетті қатысушы (зерттеуге қатысу мүмкін адам) үшін ақпаратты келісімнің мәтінін оқиды;

- содан соң әлеуettі қатысушыдан айтылғанды өз сөзімен қайталауын, зерттеу туралы жалпы нені түсінігінен айтуын сұрайды;
- әлеуettі қатысушы зерттеуді қате түсінсе, ол жөнінде қосымша түсініктеме береді;
- қатысушының зерттеу туралы түсінігін қайта бағалайды.⁷

Зияткерлік өнім – бұл жеке адамның (адамдар тобының) зерттеу жобасын (-ларын) орындау барысындағы дербес шығармашылық еңбегімен алынған және қандай да бір объективті нысан түрінде (мақала, кітап, есеп және т.б.) көрініс тапқан нәтиже. Зияткерлік өнім ҚР «Фылым туралы» және «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Заңдарындағы «фылыми қызмет нәтижесі» мен «Фылым туындысы» терминдеріне сәйкес келеді. Дегенмен мұнда қолыңыздығы Кодекс шеңберінде «зерттеу жобасы» («зерттеу») үғымының өзіндік ерекшелігін ескерген жөн (бұл жөнінде көбірек түсінік алу үшін Кодектің кіріспесіндегі реттелетін мәселелер туралы оқыңыз).

«Қақпашыдан» рұқсат алу (gatekeeper permission) – бұл зерттеуге адамдарды іріктеу жұмысын бастау үшін белгілі бір үекілдепті тұлғаның/органның рұқсатын алуын қажет болған жағдайда өткізілетін рәсім. Үйімда белгіленген құзырына қарай Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет, үйім басшысы немесе зерттеумен айналысатын құрылымдық бөлімнің⁸ жетекшісі, үйімды басқару органының өкілі және т.б. «қақпашы» рөлін орындауы мүмкін. Білім зерттеушісі зерттеу жүргізіледі деп жоспарланған үйімға кіру рұқсатын алуға барынша мүқият және түсіністікпен қарай отырып, зерттеудің одан кейінгі кезеңдерінің (ақпаратты келісім алу, деректерді жинау) ойдағыдай өтуіне қолайлы жағдай туғызады (Singh & Wassenaar, 2016, P. 43).

Құпия ақпарат – бұл нормативтік құқықтық актілер және/немесе білім зерттеушісі мен зерттеуге қатысушы арасындағы арнайы келісім (ақпаратты келісім⁹) негізінде қол жеткізілуі және таратылуы шектел-

⁷ Institute of Medicine. 2015. Informed Consent and Health Literacy: Workshop Summary. Washington, DC: The National Academies Press. P. 58. Available here <https://www.nap.edu/read/19019/chapter/5#58>

⁸ University of Waterloo. (2015, November 17). Guidelines for conducting research within structures and gatekeepers. <https://uwaterloo.ca/research/office-research-ethics/research-human-participants/pre-submission-and-training/human-research-guidelines-and-policies/guidelines-conducting-research-within-structures-and>

⁹ Ақпаратты келісім туралы толығырақ 6.3 параграфынан қараңыз.

ген сенімді ақпарат. Қазақстанда жеке тұлғалардың құпия ақпаратына қол жеткізу және оны қорғау шарттараты ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен реттеледі. Заңның ұғымдық аппаратына салар болсақ, зерттеуге қатысушылар «дербес деректер субъектісі» атты ұғымға сәйкес келеді (дербес деректер тиесілі жеке тұлға). Ал білім зерттеушісі осы Заң тілінде «үшінші тұлға» ұғымына келіп саяды (субъект, мешік иесі және/немесе оператор болып табылмайтын, бірақ дербес деректерді жинау, өндөу және қорғау бойынша олармен/онымен мән-жайлар немесе құқық қатынастары арқылы байланысты болатын тұлға) (ҚРЗ, 2013, 1-баптың 16, 17) тармақшалары). Аталмыш Заң бойынша «қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын ... үшінші тұлғалар субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімі не өзге де заңды негіздер болмағанда оларды тарауға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығының қамтамасыз етеді» (ҚРЗ, 2013, 11-баптың 1-тармағы).

Құпиялылық дегеніміз – білім зерттеушісінің зерттеуге қатысқан адамдар туралы жеке деректерін әуелде келісілген үағдаластықтан бөгде мақсатта қолданбау міндеттемесі. Бұл анықтаманың ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңындағы құқықтық негіздемесі былай тұжырымдалған: «дербес деректерді пайдалануды меншік иесі, оператор және үшінші тұлға оларды жинаудан бұрын мәлімделген мақсаттары үшін ғана жүзеге асыруға тиіс» (ҚРЗ, 2013, 14-бап).

Мұдде қайшылығы – бұл зерттеушінің өз міндеттерін тәуелсіз әрі әділ орындауына материалдық я бейматериалдық себептердің кедергі келтіру жағдайы немесе мұндай кедергіні келтіру қаупі.

Мұдде қайшылығы жеке және институциялық болып екіге бөлінеді:

- **жеке мұдде қайшылығы** деп зерттеу әдіснамасын әзірлеуге, оны жүргізу барысы мен қорытынды есебін шығаруға ықпал ететін я ықпал етуі мүмкін зерттеушінің жеке басының материалдық және/немесе бейматериалдық мұддесін айтады;
- **институциялық мұдде қайшылығы** деп қайсыбір үйымның қарамағында жүргізілетін зерттеудің әділдігіне осы үйымның немесе оның лауазым иесінің қаржы не өзге мұдделері ықпал ету мүмкіндігінің пайда болуын айтамыз.

Цифрлық зерттеу деп Интернет және онымен байланысты технологияларды қолдана отырып, адамдардан тікелей немесе олар туралы деректерді қашықтан алушы көздейтін кез келген зерттеуді айтамыз. Мысалы, интернет-сұхбат, онлайн-сауалнама, деректерді мұрағаттау немесе автоматты жинау құралдарын пайдалану. Мұндай зерттеулерді «интернет-зерттеулер» немесе «интернет арқылы зерттеу» (Internet-mediated research) деп те атайды. Кәдімгі («бетпе-бет») зерттеу секілді цифрлық зерттеуде де қатысуышылармен белгілі бір интерактивті байланыс орнату үйіарылуы мүмкін. Атап айтқанда, қашықтан зерттеуге қатысуышылар интернет-сауалнамадағы сұрақтарға берілген материалдармен жұмыс жасап барып жауап береді. Сол сияқты, интернет-сұхбатта зерттеуші мен зерттеуге қатысуыш бір-бірін көріп, әрекеттеседі. Енді бір цифрлық зерттеулер адамдармен тікелей әрекеттесусіз де жүргізілуі мүмкін. Мысал үшін, блогтардағы немесе форумдардағы мәтіндерді талдау, веб-сайттарға кіру жиілігін зерделеу немесе интернет-белсенділіктің өзге түрлерін бақылау.¹⁰

¹⁰ Midasproject_go3pv6. (2019, May 27). Internet Mediated Research: Ethics and Consent in the Digital Age. <http://www.midasproject.eu/2019/05/27/internet-mediated-research-ethics-and-consent-in-the-digital-age/>

4. Кіріспе

Нағыз ғалым әрбір айтылған сөзге сын көзімен қарап, өзіне қарауыл қойып отырады. Өйткені ғылым тазалықты, шындықты, жүйелі ашық ойды жақсы көреді.

Әлкей Марғұлан¹¹

4.1. Кодекс мақсаты

Осы Кодекс адамдар қатысындағы зерттеудің барлық кезеңдерін (жоспарлау, қатысуышыларды тартып іріктеу, дерек жинау және есеп беруді) халықаралық деңгейде мойындалған және Қазақстан заңналасына қайшы келмейтін әдеп қағидалары, нормалары мен рәсімдеріне сай өткізуге бағытталған. Кодексте еліміздегі зерттеу практикасының ерекшелігі мен нормативтік құқықтық актілердің талаптары ескерілген.

Кодекс мақсатына жету үшін оның қағидаларында **зерттеуге араласын негізгі 3 тараптың** міндеттері тұжырымдалған, олар: білім зерттеушілері, зерттеу жүргізетін үйімдар және зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттер.¹²

4.2. Кодекс реттейтін мәселелер

Кодекс адамдар қатысуымен жүргізілген зерттеулерді реттейді. Мұндан зерттеулер деп келесі екі ұфынды қамтитын білім зерттеушілерінің мақсатты қызметін айтамыз:

1) «**зерттеу**» – білім туралы жалпыланған білімді¹³ түзу я толықтыруға бағытталған, әзірлеу, тестілеу және бағалау рәсімдерінен тұратын, жүйелі зерделеу процесі;

2) «**адамдар**» – зерттеуге қатысуышылар немесе сынақта алынғандар, олар туралы деректерге білім зерттеушісі екі жолмен қол жет-

¹¹ Коньратбай, к.к.

¹² Глоссарийдан «білім зерттеушілері», «зерттеу жүргізетін үйімдар» және «зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеті» үйімдарының анықтамаларын қарасты.

¹³ Глоссарийдан «жалпыланған білім» үйімінің анықтамасын оқыңыз.

кізеді: (а) оларға әсер ету не олармен әрекеттесу арқылы, я болмаса (б) олардың жеке деректерін алу арқылы¹⁴ (NU IREC, 2018, Article 1). Адамдар қатысуымен жүргізілген зерттеулер осы Кодексте сипатталған тәртіппен әдептік сараптамадан өтуге тиіс.

«Адамдар қатысуымен жүргізілетін зерттеулерге» жатпайтын, соған орай әдептік сараптаманы қажет етпейтін жобалар мыналар:

– ұйымның демеушілеріне, басшыларына және/немесе құрылымдық бөлімшелеріне ұсынылатын ішкі есептер;

– қайсыбір бағдарламаны жетілдіру немесе нәтижелерін өлшеу мақсатында, жалпыланған білімді толықтыру ныетісіз жүргізілетін талдау мен бағалау қызметі (мысалы, ұйымның және оның қызметтерінің тиімділігін бағалауға, сапаны бақылап арттыруға арналған корпоративтік зерттеулер);

– белгілі бір оқығалар, жағдайлар, ұйымдар немесе жүйелер туралы хабарлау және құжаттарға түсіру үшін ғана, ешқандай пайымсыз (гипотезасыз), ой толғаусыз, нақты адамдар туралы ақпаратты жинау мен өңдеуді мәнзейтін ғылыми және журналистік қызмет (мысалы, ауызша тарих әдісімен танып білу, тірі кісілерді библиографиялық зерттеу, әдеби сын, нормативтік құқықтық актілерді зерделеу, тарихи зерттеулер);

– шәкірттерді оқыту және/немесе бағалау барысында жоспарлап өткізілетін, нәтижелерін сыныптан/білім беру ұйымынан тыс пайдалану ныетінсіз зерттеу (мысалы, білім алушыларды зерттеу әдістеріне үйрету үшін олар жөнінде деректерді жинау, зерттеушінің есебін жазу мысалын көрсету);

– осы Кодекстің ережелерін ескере отырып, жалпыға қолжетімді және үшінші тараптың пайдалануына тыйым салынбаған деректерді зерттеу.¹⁵

Білім зерттеушісі магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшісі, оқытушы (мұғалім), сарапшы және рецензент ретінде қызмет атқарған кезде Кодекстің ұстанымдары мен нормаларын тиісті жағдайларда сақтауға тиіс.

¹⁴ Глоссарийдан «зерттеуге қатысуышының дербес деректері» ұғымының анықтамасын оқыңыз.

¹⁵ Осы тізімді құрастыруда келесі дереккөздер пайдаланылды:

Is it Research: What is «Contributing to Generalizable Knowledge?» (2019). <https://research.ncsu.edu/sparcs/files/2019/10/What-is-Research-and-Needs-IRB-Approval.pdf>, Is your project human subjects research, or not?... (2017) https://oprs.usc.edu/files/2017/04/NHSR_v.10.26.17.pdf

4.3. Кодекс құрылымы

Кодекстің құрылымы зерттеу бостандығы мен зерттеуге қатысатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуден туындастының құндылықтар мен қағидаларға негізделген. Бұл қағидалар негізінен нұсқаулар түрінде тұжырымдалған (5-бөлім). Кодекстің 6-шы және 7-тaraуларынан көрініп түрғандай, бұл құжат зерттеу әдебіне қатысты тек білім зерттеушілерінің міндеттерін ғана емес, сонымен қатар зерттеу жүргізетін үйім басшыларының шығармашылыққа қолайлы әрі ашиқ зерттеу ортасы мен мәдениетін қалыптастыру жөніндегі жауапкершілігін бекітеді.

Кодекс қағидаларын Марк Франкельдің (Mark S. Frankel) жіктелісі бойынша шартты түрде үшке бөлуге болады, олар: **мотивациялық** (ынталандырышы), **түсініктемелік** және **реттеушілік** (UNESCO DEST, 2006, Р. 3). Қағидалардың алғашқы екі түрін Алғы сөз, Кіріспе, бөлімдер мен параграфтардың бас жақтарынан кездестіреміз. Бұдан басқа, Кодексте қазақстандық зерттеу практикасы үшін беймәлім я ерекше болып көрінетін үғымдар/терминдер мен жағдайлар кездесетіндіктен 3-бөлімде глоссарий, 5-7-бөлімдердегі бірқатар нормаларға анықтаамалық-түсініктемелік мәлімет әзірледік () және құжат ішінде өзін-өзі бағдарлауды жеңілдету үшін беттердің тәменгі жағында сілтемелерді келтірдік. Түсініктемелерде ҚР нормативтік құқықтық актілерінен үзіндер берілген, бұл актілер Кодексті жазу және басуға дайындау кезінде қолданыста болған. Уақыт өте заңнама ептеп өзгеретіндіктен білім зерттеушілері аталған үзінділерді басшылыққа алмастан бұрын тиісті актілердің жарамдылығын тексеріп отыруы керек. Кодекс қағидаларының соғы үтірі – реттеушілік, ол **нормалар мен міндеттемелер** түрінде көрініс тапты. Бұл нормалар білім зерттеушілері, зерттеу жүргізетін үйім басшылары және Зерттеу әдебі жөнінде институциялық комитеттер ұстануға тиіс мінез-құлыш, әрекет үлгісі ретінде 6-7-бөлімдерде тұжырымдалған.

4.4. Кодекске арқау болған дереккөздер

Зерттеу жүргізу мен ғылыми біліммен бөлісүдің халықаралық тәжірибесін тарату үшін біз Кодексті жазу барысында Еуропа білім зерттеулерінің қауымдастыры (EERA) ұсынатын әдеп кодекстерін, зерттеу адал-

дығына арналған халықаралық және шетелдік құжаттарды, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар аясындағы бірқатар әдеп нұсқаулықтарын Қазақстан контексіне және заңнамасына бейімдеуге тырыстық.

Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы 2014 жылдан бастап EERA мүшесі болып табылады. EERA-ға мүше болу зерттеу әдебінің жоғары стандарттарын қабылдауды және ілгерілетуді көздейді, олардың бір бөлігі қауымдастықтың ресми сайтында ұсынылған.¹⁶ Қолыңыздағы Кодекске EERA-ның бірнеше мүшелері, атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания және Шотландияның әдептік нұсқаулықтары үлгі ретінде басшылықта алынды. Сонымен қоса, Австралия мен Нидерландтың зерттеу жүргізудері үлттық әдеп стандарттары және келесі халықаралық құжаттар маңызды бағыт-бағдар берді: Зерттеудегі адалдық туралы Сингапур мәлімдемесі (2010), ЮНЕСКО әлеуметтік-ғылыми зерттеу жүргізу кодексі (2004), ТМД-ға мүше мемлекеттері үшін ғылыми қызметтің әдеп қағидалары туралы декларация жобасы мен аналитикалық шолу (FECCIS, 2011), Еуропалық экономикалық және әлеуметтік зерттеу кеңесі зерттеу әдебінің негіздері (ESRC, 2015) және басқалар. Кодекс әзірлеудегі жұмысқа Назарбаев Университеті Институционалдық зерттеу әдебі жөніндегі комитеттің (2012) нұсқаулығы мен құжаттарының және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Білім зерттеулерін жүргізуң әдеп кодексінің (2015) көмегі тиіді. Аталған құжаттардың басым бөлігі жалпыға қолжетімді, оларға сілтемелерді де реккөздер тізімінен табуға болады.

4.5. Кодексті қолданушылар

Кодекс Білім беру саласындағы зерттеушілердің Қазақстандық қоғамының (KERA) мүшелері үшін міндетті құжат болып табылады. Дегенмен оған республика аумағында білім саласы бойынша зерттеумен айналысадын басқа үйымдар мен зерттеушілер қосыла алады. Кодекс мақұлданған кезде Қазақстанның заңнамасында деңсаулық сақтаудан басқа салаларда адам қатысуымен жүргізілетін зерттеулер әдеби-не қатысты арнайы талаптар болмады. Отандық деңсаулық сақтау жүйесінде биомедициналық зерттеу әдебінің ұстанымдары мен стан-

¹⁶ Толығырақ танысу үшін мына сілтемемен өтініз: <https://eera-ecer.de/about-eera/ethical-guidelines/>

дарттары 2000 жылдардың ортасынан бері арнайы құқықтық актілермен бекітіліп келеді (Сарымсакова және т.б., 2007, с. 17-20). KERA мен осы басылымның авторлары бұл Кодекс және қоғамымыздың зерттеуге деген қазіргі қызығушылық білім және басқа да көптеген салаларда зерттеу әдебіне қатысты арнаулы нормативтік құқықтық актілердің қабылдауына ықпал ететініне зор үміт артады.

5. Білім зерттеушісінің құндылықтары мен ұстанымдары

5.1. Білім зерттеушісінің құндылықтары

Кез келген іс-тәжірибелі жетілдіруге, осылайша жалпы өмір сүру сапасын жақсартуға жағдай туғызатын бірден-бір құрал саналатын зерттеу қызметінің пайдасы зерттеушінің жеке басының ерекшелігіне, оның моральдық ұстанымдары мен кәсіби қасиеттеріне тікелей тәуелді. Эрбір зерттеуші өз жобасынан күтілетін қоғамдық пайданың қаншалықты жағымды көрініне қарамастан оны зерттеуге қатысатын адамдарға зиян тигізе отырып жүргізуге болмайтынын назарда ұстағаны абзal. Зерттеудің бірде-бір қатысушысы зардап шекпеуі керек!¹⁷

«Зияның тимесін» деген әмбебап қафиданы орындау үшін зерттеуші жобаға тартылатын әлеуетті қатысушылардың **автономдығын (дербестігін) сыйлайды**. Ол дегеніміз – адамның зерттеуге қатысу не қатыспау туралы шешімді өздігінен қабылдай алу құқығын құрметтеу. Автономдық адамның екі іргелі құқығымен етене байланысты: **жеке өміріне қол сұқлау және дербес деректерін қорғау құқықтары**. ЮНЕСКО-ның ғылым және ғылыми білімді пайдалану туралы декларациясында бұл талаптар «ғылыми зерттеу жүргізу кезінде адам құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу» деп тұжырымдалған (ЮНЕСКО, 1999, с. 19).

Ғылымның гибраты жалаң ұран қүйінде қалып қоймас үшін, оны қолданбалы ету керек. Сондықтан, біз деонтологияның, яғни парыз әдебінің идеяларын ұстана отырып, Кодексте әдеп ұстанымдары мен нормаларын білім зерттеушісінің зерттеушілік жобаның барлық кезеңдеріндегі іс-қимылды түрінде сипаттауға тырыстық.

5.2. Білім зерттеушісінің ұстанымдары

Төменде келтірілген ұстанымдар зерттеушілік жобаның барлық кезеңдерінде білім зерттеушісінің өзін әдепті ұстаяның негізі болып

¹⁷ Қазақстанда зерттеу қызметіне қатысты мұндай ұстаным деңсаулық сақтау саласында ресми бекітілген. «Тийсті клиникалық практика» мемлекеттік стандартында «зерттеу субъектілерінің құқықтары, қауіпсіздігі және аманандығы бірінші деңгейлі мәнге ие және ғылым мен қоғамның мұdde-лерінен басым болуы тиіс» делінген (КР ДСӘДМ, 2015, 2-қосымша, 2.3 тармағы).

табылады. Мұндағы әдепті іс-әрекет зерттеуге қатысатын адамдардың құқықтары мен ар-ожданын сыйлауға, олардың және жергілікті қауымдастықтың мүдделері мен қажеттіліктерін жан-жақты ескеруге, зерттеулерді мемлекет пен қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуына ба-рынша бағыттауға негізделген:

5.2.1. Құрмет

- Зерттеуге қатысатын адамның құқығын сыйлау;
- адамның не оның заңды өкілінің зерттеуге қатысу туралы шешімін саналы әрі ерікті қабылдауы үшін жағдай жасау, сондай-ақ келісім берген зерттеуден кез келген уақытта ешқандай салдарсыз бас тартуға болатынын бүкпей түсіндіру;
- адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу, соның ішінде жеке өміріне, жеке және отбасылық құпияларына қол сұқпау, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау.

5.2.2. Қамқорлық

- Зерттеушілік жобаның әдіснамасын әзірлеу, оны жүргізу, нәтижелерін тарату мен қолдану барысында қатысқан адамдарға, зерттеушілерге және қоғамға осы жобадан зиян тиу тәуекелін мейлінше азайту;
- зертте арқылы адамдар мен бүтін қоғамға пайда келтіруге үмтүлу;
- зерттеудің қауқарсыз қатысушыларына ерекше қамқорлық көрсету, олардың құқықтары, бостандықтары мен мүдделерінің қорғалуына баса назар аудару;
- зерттеуге қатысатын адамдардың жеке басы, үлтү, мәдениеті, тілі, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, білім деңгейі және басқа да ерекшеліктеріне түсіністікпен, жылы жүзбен қарастыру.

5.2.3. Әділдік

- Зерттеуге қатысатын адамдарды іріктеген кезде жоба әдіснамасын ғана басшылыққа алып бейтараптық таныту;
- зерттеуге қатысушылардың барлығына бірдей қарастыру, бірінің мүддесін екіншісінен жоғары қоймау;
- қоғамдағы теңсіздікті қысқартуға және әділеттің орнауына үлес қосу.

5.2.4. Ұңсаптылық

- Зерттеу туралы қоғамды шынайы әрі батыл хабар ету, сыңар-жақтылық пен пайдакүнемдікten бойды аулақ ұстau;
- зерттеушілік жобаның мықты және осал тұстарын ашық мойындау;
- зерттеуге қатысқандардың және зерттеуде қолданылған дөреккөздер авторларының еңбегін құрметтей.

5.2.5. Есептілік

- Зерттеуде мүдде қайшылығын болдырмауға қажетті барлық шарапаларды қолдану;
- зерттеудің қаржыландыру көзін жария ету;
- зерттеуге қызығушылық танытқандардың барлығымен ол туралы ашық, мұқият сейлесу, сындарлы ойталқы өткізу;
- зерттеу нәтижелерін кеңінен тарату.

5.2.6. Кәсіпқойлық

- Білім зерттеушісінің біліктілік деңгейіне сәйкес келетін зерттеулерге қатысуы;
- қажет болған жағдайда сарапшылардың кеңесіне жүргіну;
- өзінің кәсіби зерттеушілік құзыреттілігін үнемі жетілдіріп отыру.

6. Білім зерттеушісінің әдеп ережелері

Әдеп нормалары деп міндеттемелерді түсінеміз, олар білім зерттеушісі жоба аясында өзге тараптармен – зерттеуге мұдделі үйымдармен, зерттеуге қатысатын адамдармен, демеушілермен және басқа да тұлғалармен – әрекеттесуі кезінде пайда болады. Мұндай міндеттемелер зерттеудің тиісті кезеңдеріне (жоспарлау, қатысуышыларды тарту және іріктеу, зерттеуді өткізу және нәтижелерді таратуға) тікелей немесе жанама қатысты болады.

Аталған міндеттемелер халықаралық тәжірибеде кеңінен тараған ережелерге сай келеді, олар білім зерттеулеріне атсалысатын негізгі тараптарды өздерін көсіби тұрғыдан әдепті ұстауларына бағыттағдар береді.

6.1. Мұдде қайшылығы

Білім зерттеушілері зерттеуге қатысуышылардың және қоғамның мұддесі үшін аянбай қызмет етеді деп күтіледі. Зерттеушілер олардың зерттеу қызметінің қайсыбір тұсына байланысты әділ шешім қабылдауына кедергі туғызыу мүмкін мұddenі (мұдде қайшылығын) алдын ала анықтауға тиіс.

Сыңаржақ әрі әділсіз қабылданған шешім зерттеушінің әділ, ал зерттеудің жүйелі болатынына құмән тудырады. Жөнсіз шешім зерттеуге қатысатын адамдарға зиян келтіру қаупін туғызады және бүкіл жобаны беделінен айыруы мүмкін. Осы сияқты жағдайлардың алдын алу немесе олардың орын алу мүмкіндігін мейлінше азайту шаралары «мұдде қайшылығын басқару» ұғымын құрайды.

Осы параграфтың нормалары зерттеудегі мұдде қайшылығын басқару барысында әдепті мінез-құлық танытудың үлгілерін сипаттайтын, нөмірлі тармақтар түрінде келтірілген.



Зерттеу жүргізетін әрбір үйымның мұдде қайшылығын басқарудың ішкі саясаты мен тетіктері болуы шарт. Бұлар үйымның зерттеу қызметін жауапты басқару жөніндегі ішкі ережелері мен жұмыс құралдарының құрамdas бөлігі болуы керек. Мұндай құжаттар үйымішілік әдептік сараптама рәсімінде қамтығаны жөн. «7.1. Зерттеу әдебінің сақталуына жағдай туғызу» және «7.2. Әдептік сараптама» параграфтарын оқыңыз.

- 6.1.1.** Білім зерттеушісі іс жүзінде бар яорын алуы мүмкін мұдде қайшылығы туралы Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетке дереу хабарлайды. Комитет үйимда бекітілген тәртіпке сәйкес мұдде қайшылығы анықталған қызметте зерттеушінің немесе өзге тұлғалардың қатысу-қатыспауы туралы шешім қабылдайды.
- 6.1.2.** Білім зерттеушісі кез келген мұдде қайшылығын басқару мен оның орын алу мүмкіндігін мейлінше азайту үшін шаралар қолдануы тиіс. Мұндай шаралар келесі және т.с.с. іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін:
- осындаid қайшылық туралы Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетті хабардар ету;
 - іс жүзінде бар және/немесе ықтимал мұдде қайшылығы туралы мәліметті ақпаратты келісім мәтініне енгізу;
 - мұдде қайшылығы анықталған функцияны өзге бір тәуелсіз тұлғаға немесе басқа үйимға сеніп тапсыру.
- 6.1.3.** Мұдде қайшылығын тудыруы мүмкін үшінші тараппен жеке, іскерлік және қаржы қатынасы болса, онда білім зерттеушісі ол жөніндегі мәліметтің есептік құжаттарда тиісінше көрініс табатынына көз жеткізуі керек.
- 6.1.4.** Өзгелердің академиялық еңбектерін (диссертация, мақала, кітап, т.б.) немесе конкурстық зерттеу өтінімдерін бағалауға рецензент я сарапшы ретінде шақырылған жағдайда да білім зерттеушісі мұдде қайшылығын мәлімдеу міндеттін орындаиды.

6.2. Зерттеуден зиян тиу тәуекелі және зерттеу пайдасы

Зерттеуді әдептік түрғыдан реттеу нормалары зерттеуге тартыла-тын адамдарға зиян тигізбес үшін жасалған. Сондықтан білім зерттеушісінің басты міндеттерінің бірі – зерттеуді жоспарлап жүргізуде адамға зиян тиу тәуекелін анықтау әрі оның орын алу мүмкіндігін мейлінше азайту.

Биомедицинамен салыстырғанда білім саласындағы зерттеулердің тәуекелі әдете төмендеу болады. Алайда, білім зерттеулерін ықтимал зиянды елемей өткізу қатысушы адамдардың абыроойна айтартықтай ауыр нұқсанның келуіне соқтыруы ғажап емес. Мәселен, зерттеуден кейін бұл кіслер әріптестерінің алдында беделден айырылуы, кикілжікке тап болуы, әкімшіліктің сенімінен шығуы, жұмыстан босап қалуы, моральдық күйзелуі, қорқыныш-үрей басуы, қысқасы, әлеуметтік, кәсіби, эмоциялық жағынан азап шегуі әбден мүмкін.

- 6.2.1.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысатын адамдарға зиян тиу тәуекелдерінің анықталып, бұл қауіп-қатерді мейлінше азайтуға қажетті шаралардың қабылданғанына көз жеткізуі тиіс.
- 6.2.2.** Білім зерттеушісі ықтимал тәуекелді бағалаған кезде, зерттеуге қатысатын адамдардың категорияларын, деректерді жинау, қатысушыларды іріктеу мен зерттеу нәтижелерін тарату әдіс-тәсілдерін және т.б. аспектілерді ескереді; тәуекел түрін анықтап, тәуекелді бағалауға қатысты мәліметтерді өзінің зерттеушілік жобасының негіздемесіне енгізеді.
- 6.2.3.** Зерттеуден зиян тиу тәуекелін бағалауға қатысты егжей-тегжейлі мәліметті білім зерттеушісі Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетке ұсынатын өтініміне енгізеді.
- 6.2.4.** Зерттеубасталмас бұрын білім зерттеушісі қатысушы адамдарды және олардың заңды өкілдерін жобаның ықтимал тәуекелітуралы жазбаша, түсінікті тілмен әрі ыңғайлы тәсілмен хабардар етуге міндетті.
- 6.2.5.** Егер қатысушыларға зиян тиу тәуекелі зерттеу барысында анықталса, білім зерттеушісі одан әрі нені істеу керектігін Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетімен кеңесуі керек.
- 6.2.6.** Білім зерттеушісі жобаға қатысушы адамдарға жеке өмірі мен қызметі, дербес ой-пікірі, тәжірибесі сынды мәселелер тура-

лы сұрақ қойғанда – олардың эмоциялық жай күйі мен сезіміне ықыласпен қарап, жайсыз сезінүіне, мазасыздануына әкелетін кез келген іс-әрекеттөн аулақ болуға тиіс. Егер жайсыздық орын алса, зерттеуші оны жоюға әрекет етуге міндетті.

- 6.2.7.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысуши адаммен кездесу уақыты мен орнын алдын ала және мұқият келісіп алуға міндетті. Кездесу орны жайлы, құпиялылықты сақтауға және сенімді сұхбат өткізуға қолайлы болуы керек. Аландаушылық пен жайсыздық сияқты жағымсыз әсерлер мейлінше азайтылуы керек.
- 6.2.8.** Білім зерттеушісі қатысуышылардың зерттеуден барынша әсерлі және әділ пайда (иглілік) көрүлеріне тырысады. Мұндай иглілік зерттеуге қатысудың тікелей нәтижесі немесе жанама әсері болуы мүмкін. Бұдан басқа білім зерттеушісі зерттеуге қатысқан адамдарға иглілік ретінде ақысыз қызметін, мысалы, семинар, тренингті ұсына алады немесе кішігірім ақы төлеуіне болады.
- 6.2.9.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысудан күтілетін пайданы (иглілікті) адамдарға шынайы және нақты хабарлап, жобаға қатысуға ынталандыру үшін берген барлық уәделерін орындауға міндетті.

6.3. Ақпаратты келісім

Кез келген адамнан зерттеушілік жобаға қатысу туралы келісімін алмастан бұрын, оған толық ақпарат берілуге тиіс. Бұл келісім арнайы құжатпен бекітіледі және білім зерттеушісі мен жобаға қатысуши адам арасында екіжақты шарт рөлін атқарады.

Тиісті адамды жоба туралы хабардар етіп, одан зерттеуге қатысуға келісімін алу процесін ақпаратты келісім деп атайды. Ол зерттеуді бастаудың алғышарты болып табылады. Бұғінде білім саласында зерттеумен айналысатын қазақстандық зерттеушілердің көбісі үшін ақпаратты келісімді алу – таңсық дүние. Осы Кодекске ақпаратты келісімді зерттеу әдебінің стандартты рәсімі ретінде енгізу арқылы біз отандық білім зерттеулерін халықаралық деңгейде мойындалған тәжірибеге сәйкестендіруді меңzedік.



Адамдардың қатысуымен жүргізілетін білім зерттеулерін реттейтін, жалпыға қолжетімді құжаттарды талдау нәтижесінде біз қазақстандық білім беру үйымдарының ішінде ақпаратты келісімді зерттеудің міндетті алғышарты ретінде бекіткен З үйымды ғана таптық: Назарбаев Университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері және ҚР Президентінің жаһындағы Мемлекеттік басқару академиясы.

- 6.3.1.** Білім зерттеушісі кез келген адамның ақпаратты келісімін алмайынша онымен зерттеуге қатысуши ретінде қарым-қатынасқа түспеуге тиіс. Қажет болған жағдайда ақпаратты келісім оның заңды өкілінен алынады.
- 6.3.2.** Егер зерттеу жобасы кіруге рұқсат алууды талап ететін үйымда немесе қоғамдық жерде жүргізуі керек болса, білім зерттеушісі ақпаратты келісім сұрауға кіріспестен бұрын тиісті лауазым иесінің не басқару органының келісімін («қақпашы» рұқсатын) алуға тиіс.



Егер зерттеу мемлекеттік білім беру үйымдарында, мысалы, мектепке дейінгі үйымдарда, мектептерде жүргізуі керек болса, директордың рұқсатынан басқа, осы үйымдарды басқаратын мемлекеттік органдың келісімі талап етілуі мүмкін.



Назар аударыңыз! «Қақпашы» зерттеу өткізілетін орынға кіру рұқсатын ғана береді, ол зерттеуге қайсыбір адамдардың қатысуына рұқсат бермейді. «Қақпашы» рұқсат берген соң зерттеуге қатысу мүмкін әрбір адамнан және/немесе оның заңды өкілінен ақпаратты келісім жеке-дара алынуы шарт.¹⁸

- 6.3.3.** Білім зерттеушісі зерттеу өткізілетін үйимфа кіру рұқсатын алу талаптарына (қарапайым немесе күрделі рәсімге)

¹⁸ General Guidelines for the Ethics Review Processes (2014), the Humanities and Social Sciences Research Ethics Committee of University of KwaZulu-Natal. Материал доступен по ссылке http://research.ukzn.ac.za/Libraries/Research_Document/General_Guidelines_for_the_Ethics_Review_Processes.sflb.ashx

түсіністікпен қарап, оларды сұралғандай орындауға міндетті (ресми хат немесе электрондық хабарламаны жолдау, жаупты күту, т.с.с.). Бұл ретте білім зерттеушісі қойылған талаптарды орындаі отырып, осы Кодекс ұстанымдары мен нормаларын бұзып алмауға тиіс.

- 6.3.4. «Қақпаши», мысалы, үйім басшысы зерттеу өткізуге рұқсатын берерде, қарамағындағы қызыметкерлерінің арасынан зерттеуге іріктелетіндерінің аты-жөнін және зерттеу сұрақтарына беретін жауптарын сұрап, білім зерттеушісін әдептік дилеммада ұшыратуы мүмкін. Білім зерттеушісі басшының мұндай өтініштерін орындауға құқығы жоқ, өйткені ол зерттеуге қатысушылар алдында ақпаратты келісіммен мойнына бірнеше міндеттер жүктейді, атап айтқанда, қатысқан адамдар есімдері мен жауптарын қатаң құпияда сақтайды, зерттеуден тиуі мүмкін зиянды болдырмауға міндеттенеді.
- 6.3.5. Білім зерттеушісі ақпаратты келісім мәтінінің келешек зерттеу қатысушыларына түсінікті тілмен жазылуына жаупты. Ерікті ақпаратты келісімнің нысаны мен мәтінін зерттеу басталмастан бұрын Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет бекітуі керек.



Ақпаратты келісімнің үлгісін Назарбаев Университетінің веб-сайтынан қараңыз (NU IREC, 2017).



Ерікті ақпаратты келісімнің нысаны мен мәтінін білім зерттеушісі Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетке жолдайтын өтінімнің (зерттеу жобасының негізdemесінің) құрамында ұсынады. «7.2. Әдептік сараптама» параграфын оқыңыз.

- 6.3.6. Зерттеу жобасы көптілді және көпмәдениетті ортаға бағытталған болса, білім зерттеушісі ақпаратты келісімді әзірлеу мен сұрау барысына ерекше көніл бөледі, зерттеуге тартылатын адамдардың дұрыс ұғуры үшін аударманың және/немесе түсіндірменің сәйкестігіне мән береді.



Егер зерттеуге қатысатын адамдар мәдени және тілдік ерекшеліктеріне орай қауқарсыз деп танылса, мәселен, репатриант, мигранттармен зерттеу өткізілсе, олардың қатысу еріктілігі мен қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін қосымша шараларды қолға алу қажет. «6.4. Зерттеудің қауқарсыз қатысушыларымен жұмыс» параграфын оқыңыз.

6.3.7. Білім зерттеушісі зерттеудің әлеуетті қатысушылары зерттеуге қатысатындығын түсіну үшін барын салуға тиіс. Білім зерттеушісі адам келісімін бермesten бұрын мыналарды түсіндіруі керек:

- зерттеу мақсаты мен әдістері, осы адамның жобаға қатысу қажеттігі;
- қатысушыдан не сұрапатыны;
- зерттеуге қатысу еріктілігі;
- зерттеуден бас тартқан немесе кейін одан шыққан жағдайда ешқандай жазаның болмайтындығы;
- қатысушыдан алынған ақпараттың құпиялышығы (зерттеуші қатысушы ұсынған ақпаратты не істейді, оны қалай сақтайды, не үшін қолданады және ол ақпарат кімге белгілі болады);
- зерттеудің ықтимал тәуекелдері мен пайдасы (игілігі).

6.3.8. Білім зерттеушісі жеке пікірін қалыптастыра алатын бала-лар мен жасөспірімдерге зерттеуге қатысу-қатыспау туралы шешім қабылдау мүмкіндігін беруі керек. Мұндай мүмкіндік балалардың жасы мен жетілу дәрежесіне сәйкес туғызылады, олардың келісімі «хабарлы құптау» (informed assent) деп аталады. Бала хабарлы құптауын ауызша жеткізе алады.



Бұл нормада КР 2011 жылғы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің «Баланың өз пікірін білдіру құқығы» атты 62-бабындағы талаптары ескерілген (КР НЕОК, 2011).



18 жасқа толмаған тұлғалардың хабарлы құптауының үлгісін Назарбаев Университеті Фылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитетінің нұсқаулықтары мен материалдарынан қараңыз (НУ ФЗИӘК, к/к).

- 6.3.9.** Егер зерттеуге қабілеті, жасы немесе өзге жағдаймен қауқарсыз болып келетін адамды¹⁹ тарту керек болып, ал бұл адам жобаның мәнін түсінуге қиналып, зерттеуге қатысу еркін дұрыс білдіре алмаса, білім зерттеушісі оның құптауын алудың барлық мүмкіндіктерін, сонымен қатар оның ата-анасы мен заңды өкілімен келісуді қарастырады.²⁰ Қалай болғанда да, білім зерттеушісі қатысушыны мәжбүрлеуге жол бермейді.
- 6.3.10.** Білім зерттеушісі бақылау немесе есеп беруге байланысты жағдайларда ақпаратты келісім алу процесін өткізбеуі тиіс.



6.3.10 тармағына түсініктеме. Нормадағы «бақылауға байланысты жағдай» деп қайсыбір кісінің бақылануға келісім беруін немесе белгілі бір себептермен қарсылық білдірмеудің айтамыз, мысалы, көшпілікке арналған іс-шара (конференция, ресми кездесу және т.б.) кезіндегі бақылану жағдайы. Бұл ұғым сонымен бірге зерттеуге әлеуетті қатысушының өзі құпия қалуды ойламайтын және қажет етпейтін жағдайларды қамтиды. Мысал үшін, саясаткерлер, белгілі мемлекеттік қызыметкерлер, я болмаса, қоғам қайраткерлерінің құпия қалуы мүмкін бола бермейді, өйткені олардың айтқан сөзі, пікірі кебінесе олардың кім екенін бірден аңғартып қояды. Танымал кісілерге қамқорлық көрсету, яғни олардың зерттеушімен әрекеттесуінен тилю мүмкін зиянды болдырмау немесе мейлінше азайтуды қарастыруға болады. Мәселен, оларға материалмен жарияланғанға дейін алдын ала танысуға мүмкіндік беру қамқорлық шарасы бола алады (Sieber & Tolich, 2013, p. 166.).

Нормадағы «есеп беруге байланысты жағдай» деп білім зерттеушісінің іскерлік/корпоративті және т.с.с. мәліметтерді талдау, мониторингтеу мақсатында есептік материалдарды әзірлеудің айтамыз (мысалы, кәдімгі оқыту тәжірибесін, білім беру бағдарламаларын және сынныпты басқару әдістерін зерделеу; ұйым қызыметінің белгілі бір бағытының тиімділігін талдау, т.б.).

¹⁹ Глоссарийдан «зерттеудің қауқарсыз қатысушылары» ұғымының анықтамасын қараңыз.

²⁰ Толығырақ білу үшін «6.4. Зерттеудің қауқарсыз қатысушыларымен жұмыс» параграфын оқыңыз.

- 6.3.11.** Білім зерттеушісі ақпаратты келісімді жазбаша алған жағдайда, тиісті құжатқа зерттеуге қатысуышының және/немесе оның заңды өкілінің қол қоюын қамтамасыз етуге тиіс. Ақпаратты келісімнің алынғанын растайтын құжаттар ғылыми жетекшіде құпия режимде сақталуға міндетті.
- 6.3.12.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысуға келісім берген адамың кейін жоба барысында одан бас тартатын болса, оның мұндай шешімін уақытқа, я болмаса уәжісіне қарамастан түсіністікпен, он қабақпен қабылдауға міндетті.
- 6.3.13.** Білім зерттеушісі зерттеудің әлеуетті қатысуышына немесе оның заңды өкілінеге²¹ жоба басталмастан бұрын, оны жүргізу кезінде не одан кейін бұл қызмет туралы кез келген сұрақ қоюна мүмкіндік беруге міндетті.
- 6.3.14.** Бұл ретте білім зерттеушісі зерттеудің әлеуетті қатысуышының қызықтыратын мәліметті ұсынарда оның тұрғылықты жерін, әлеуметтік жағдайын және тілдік дағдыларын ескеруі тиіс.
- 6.3.15.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысуышлар дерегінің құпиялылығын сақтау шараларын, кей жағдайларда құпиялылық шекараларының барын анықтап, оларды әлеуетті қатысуышлармен бірге ашық талқылайды.²²
- 6.3.16.** Білім зерттеушісі бала ата-анасының немесе заңды өкілінің құқықтары мен міндеттерін ескеруі тиіс. Зерттеушінің бұл міндетіне баланы зерттеуге араластырmas бұрын оның ата-анасынан не заңды өкілінен рұқсат алу сияқты талаптар жатады.



Ата-ана өз баласының заңды өкілі болып табылады, кез келген жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынас кезінде, соның ішінде сот процесінде баласының құқықтары мен мүдделерін арнайы өкілеттікz қорғайды (КР НЕОҚ, 2011, 71-баптың 1-тармағы).

²¹ Глоссарийдан «зерттеуге қатысуышының заңды өкілі» үғымының анықтамасын оқыңыз.

²² Құпиялылық шекаралары (құпиялылықты шектеу жағдайлары) туралы толығырақ «6.5. Құпиялылық сақтау және дерекке қол жеткізу» параграфынан біліңіз.

- 6.3.17.** Білім зерттеушісі ақпаратты келісімді жазбаша алудан бас тартып, ауызша келісімнің жеткілікті болатыны туралы шешім қабылдауы мүмкін, егер:
- зерттеуден оның қатысуышыларына зиян тиу тәуекелі минимумынан төмен болса;²³
 - ақпаратты келісімнің жазбаша алынуы зерттеуге қатысуышынц(-лардың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге еңсерілмес кедергі келтірсе;
 - зерттеуші жеке адамдар туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты пайдаланса.²⁴
- 6.3.18.** Білім зерттеушісі ақпаратты келісімді жазбаша алудан бас тартуды Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің мақұлдауын талап ететін және ережеден тыс, сирек жағдай екенін мойындаиды.
- 6.3.19.** Егер білім зерттеушісі 6.3.17 тармағында аталған және т.с.с. жағдайларда ақпаратты келісімді жазбаша алу орындылығы жайында күмәнданса, онда ол Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетпен кеңесуі керек.
- 6.3.20.** Білім зерттеушісі ақпаратты келісімнің ауызша алыну қажеттілігін, демек, әлдебір (мәдениет, білім, т.с.с. сипаттағы) себептермен жазбаша келісімді алудың мүмкін еместігін Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетке дәлелдеп, оның мақұлдауын алуы тиіс. Білім зерттеушісі ақпаратты келісімді ауызша алу кезінде жазбаша келісу рәсіміндегідей зерттеудің әлеуettі қатысуышының ерік білдіруін тиісінше растай алуға міндетті (аудиожазба).



Ауызша ақпаратты келісім алу сценарийінің үлгісін Назарбаев Университеті ғылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитетінің нұсқаулықтары мен материалдарынан қараңыз (НУ ФЗИӘК, к/к).

²³ Глоссарийдан «зерттеуден зиян тиу тәуекелі» үғымының анықтамасын және мұндай тәуекел түрлерінің (минимумынан жоғары, төмен) түсіндірмесін оқыңыз.

²⁴ Интернеттегі жалпыға қолжетімді мәліметтерді ақпаратты келісімсіз пайдалану ерекшеліктерін «6.7. Цифрлық зерттеу әдебі» параграфында оқыңыз.

- 6.3.21.** Егер зерттеуге қатысуға ақпаратты келісімін берген адам кейін оған қатысын тоқтату туралы шешім қабылдаса (кез келген сэтте зерттеуден бас тарту құқығы), білім зерттеушісі ақпаратты келісім құжатын (келісім жазбаша берілгенде) не- месе аудиожазбаны (келісім ауызша берілгенде) жоюға тиіс.

6.4. Зерттеудің қауқарсыз қатысуышыларымен жұмыс

Білім зерттеушісі зерттеудің әдіснамасына және белгілі бір себептерге байланысты әртүрлі адамдармен қарым-қатынасқа түседі. Зерттеуге қатысатын кейбір адамдар жасы, денсаулығы, физиологиясы, мүлкі, әлеуметтік мәртебесі және т.б. жағдайларға орай қауқарсыз деп танылуы мүмкін. Олай болса, қатысуышылардың бұл категориясы білім зерттеушісі тараپынан көбірек қамқорлықты қажет етеді.²⁵

Зерттеуге қатысатын адамның қауқарсыздығы арнайы дәлелмен негізделуі керек. Білім зерттеушілері зерттеудің қауқарсыз қатысуышыларының мүддесін жобаның барлық кезеңдерінде қосымша шаралар арқылы қорғауға міндетті.

6.4.1. Білім зерттеушісі жоспарланған зерттеуің барлық қауқарсыз әлеуетті қатысуышыларын ескеріп, оларға зерттеуге қатысудан тиуі мүмкін ықтимал зиянды мейлінше азайту, болдырмауға бағытталған барлық қосымша шараларды, соның ішінде заңнамада көрсетілгендерін қолға алуы тиіс.

6.4.2. Білім зерттеушісі жобаға қауқарсыз қатысуышыларды тарту туралы шешім қабылдағанда, олардың мүдделерін, қоғам игілігі мен зерттеу мақсаттарын басшылықта алуы керек. Мұнда білім зерттеушісі қатысуышылардың бұл категорияларының тәуелділік жағдайы мен материалдық қындықтарына орай келісім алу жеңілдігі, я болмаса сенгістігі туралы ойламайды.

6.4.3. Білім зерттеушісі әлеуетті қатысуышыларды қауқарсыз адамдар арасынан іріктеген кезде қатысу еріктілігі мен олардың қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін ерекше шаралар қолдануы тиіс. Мұндай шараларға келесілерге үқсас әрекеттер жатады:

²⁵ Глоссарийдан «Зерттеудің қауқарсыз қатысуышылары» ұғымының анықтамасын оқыңыз.

- a. зерттеуге балаларды (кәмелетке толмағандарды)²⁶, қамқорлықтағы немесе біреудің асырауындағы ересектерді тартқанда, ақпаратты келісімді олардың заңды өкілдерінен де алу;
- b. тұрмысы төмен адамдармен жұмыс істеген кезде зерттеудің қатысуышылар үшін нақты пайдасын (игілігін) қайта-қайта түсіндіру;
- c. білім деңгейінің жеткіліксіздігінен немесе басқа себептермен (жасы, мәдениетінің ерекшелігі, т.б.) зерттеу мәліметтерін қабылдауға қиналатын адамдармен жұмыс істегендеге олардың ақпаратты келісімді дұрыс түсіну үшін оқыту әдістерін пайдалану²⁷;
- d. бағынысты/тәуелді жағдайдағы адамдармен (қарамағындағы қызметкерлер, студенттер, т.б.) жұмыс істегендеге, зерттеушілік жобаға қатысуға қалың көпшілікке шақыру жолдау;
- e. зерттеуге қатысуышылардың мәдени, тілдік және этникалық ерекшеліктерін білетін және олармен жұмыс істеу дағдылары бар аудармашының қызметіне жүргінүү;
- f. егер зерттеуге буллингтен жаппа шеккен және т.с.с. қындықты басынан өткерген адамдарды қатыстыру жоспарланған болса, мұндай адамдармен оңтайлы жұмыс істеу техникаларын менгеру.



Буллинг немесе қорлау дегеніміз – әлеуметтік билігі мен дene күшінің басым түсін пайдалана отырып, өзгеге қасақана, қайта-қайта озбыр мінез көрсету (Бочавер және Хломов, 2013, с. 149).

6.4.4. Зерттеуге қауқарсыз әлеуетті қатысуышының заңды өкілі²⁸ болған жағдайда білім зерттеушісі осы өкілдің өкілеттігін белгілеуге және одан ақпаратты келісім алуға міндетті. Заңды өкілі келіскен жағдайда, ақпаратты келісім зерттеудің

²⁶ Балалардан ақпаратты келісім алудың ерекшелігі жөнінде «6.3. Ақпаратты келісім» параграфында оқыңыз.

²⁷ Глоссарийдан «зерттеудің қауқарсыз қатысуышыларымен жұмыс жасаудағы оқыту әдістері» туралы оқыңыз.

²⁸ Глоссарийдан «зерттеуге қатысуышының заңды өкілі» ұғымының анықтамасын оқыңыз.

қауқарсыз қатысушысынан сұралады. Осылайша, зерттеуге қатысу жайындағы соңғы шешімді қабылдау құқығы тек қатысушының өзіне тиесілі болады.

- 6.4.5. Білім зерттеушісі зерттеуге қатысушылардың қауқарсыздық сипатына (науқастық, тәуелділік, АИТВ²⁹-инфекциясы, экономиканың «сүр» секторындағы жұмыс, күйзеліс, т.б.) байланысты олардың жеке деректерінің құпиялышының сақтауға әлдеқайда қатаң талаптарды және Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің осы адамдармен жұмыс кепілдемелерін ескереді.



Экономиканың «сүр» (бейформалды) секторы де-геніміз – заңмен рұқсат етіле тұра, ресми статистика есепке алмайтын экономикалық қызмет (көбінесе шағын бизнес). Бұл секторда негізінен кәдімгі тауарлар өндіріліп, қарапайым қызмет түрлері көрсетіледі («ақ» экономикадағы), десе де өндірушілер лицензия, салық және т.с.с. төлемдерді өтегісі келмей, ресми есепті жүргізуден жалтарады (Латов, 2001, с. 11).

- 6.4.6. Егер қатысушылардың қауқарсыздығы зерттеу кезінде анықталса немесе қатысушы зерттеуге келісім бергеннен соң қауқарсыз болып кетсе, білім зерттеушісі не істей керектігі жайында Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттінен кеңес алуы керек. Бұл жағдайда қатысушы келісімінің өзектілігін мезгіл-мезгіл тексеріп отыруы қажет болуы мүмкін.

6.5. Құпиялышық сақтау және дерекке қол жеткізу

Кез келген зерттеудің мақсаты – жаңа білім – зерттеуге қатысатын адамдардың өз еркімен білім зерттеушісіне ұсынатын мәліметтіне тәуелді. Мұндай мәлімет бұл адамдардың кәсіби және/немесе жеке өмірі, ішкі сенім-нанымы, құндылыштары мен іс-әрекеттеріне қатысты болуы мүмкін. Зерттеу сұрақтары зерттелушіде қорқыныш, мазасыздық, тіпті қымсыну сезімін тудыруы әбден мүмкін. Сол себепті зерттелуші жобаға

²⁹ АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы.

қатысқаны жасырын (құпия) қалатынына неғұрлым сенімді болса, білім зерттеушісіне беретін жауаптары соғұрлым шынайы, риясыз болады.³⁰

Осы жайттан хабардан білім зерттеушісі жобаға қатысатын адамдардың құпиялышының, яғни олардың жеке басы, өмірі туралы деректердің жасырын қалуына, зерттеу барысы мен ол біткеннен соң да қатысуышылармен сенімді қарым-қатынасты сақтауға міндедті.

- 6.5.1.** Білім зерттеушісі өзінің кәсіби қызметі шеңберінде пайдалантын құпия ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық сақтық шараларын қолға алуы керек.
- 6.5.2.** Білім зерттеушісі зерттеуге қатысуышылардан алған бүкіл деректерді ақпаратты келісім аясындағы міндеттемесіне сәйкес құпия деп қарастырады, бұл міндет аталған деректердің құпиялышының сақтауға қатысты заңнамалық талап болмаса да орындалады. Құпиялышық талабы иесізденбекен барлық жеке деректерді сақтау режимін қамтамасыз етуді білдіреді.
- 6.5.3.** Білім зерттеушісі осы ақпараттың дереккөзі болып табылатын зерттеу қатысуышысы қайтыс болғаннан кейін де құпия ақпаратты таратпау жөніндегі міндетінен босатылмайды.



Кодексіміздің осы және тағы кейбір нормаларында ҚР 2013 жылғы «Дербес деректер және оларды қорғау тура-лы» ҚР Заңымен салыстырғанда құпиялышықты сақтаудың әлдеқайда қатаң талаптары белгіленген. Мысал үшін, Заңың 22-бабының 2-тармағы бойынша «... үшінші тұлғаның (Ред. – яғни, білім зерттеушісінің) дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттері дербес деректерді жинаған кезден бастап туындаиды және олар жойылған не иесіздендірілген кезге дейін күшінде болады». Ал біздің Кодекске сәйкес білім зерттеушісінің зерттеуге қатысқан адамдардың құпиялышының сақтау міндеті ақпаратты келісім алу сәтінен, демек, зерттеу деректерін жинастап бұрын туындаиды және зерттеу нәтижелері таратылғаннан кейін де күшін сақтайды.

³⁰ Explorable. (n.d.). Privacy in Research. <https://explorable.com/privacy-in-research>

- 6.5.4.** Құпия ақпаратқа қолы жететін барлық адамдардың, олардың ішінде ғылыми зерттеу тобының мүшелері мен ғылыми жобаның серікtes үйымдары осы ақпараттың қауіпсіздігіне бірдей жауапкершілік көтеретінін білім зерттеушісі білуі керек. Осындай ақпаратқа қолжетімділікті шектеу үшін ғылыми жетекші қолда бар материалдық жеткізгіштерде деректерді сақтау мен қорғаудың заманауи жүйелерін енгізу үшін ба-рынша әрекеттенуі қажет.
- 6.5.5.** Білім зерттеушісі зерттеу қатысушыларының жеке деректерін, сондай-ақ зерттеу тобының басқа мүшелері немесе кез келген үйім ұсынған деректерді пайдалану кезінде құпиялыштық қамтамасыз ету қажеттігін есте ұстауы қажет. Зерттеуге қатысқан адам өзі туралы жеке деректердің жоба нәтижелері жайындағы жарияланымда міндетті түрде иесіздендірілген түрде берілетініне шұбасіз сенуі керек.



ҚР 2013 жылғы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 9-бабының б) тармақшасында зерттеудің әлеуетті қатысушысының немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жеке деректерді «жинау, өндеудің» мүмкіндігі көзделген. Ол «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталған жағдайда ғылыми ... немесе өзге де шығармашылық қызметті жузеге асыру» жағдайы ретінде тұжырымдалған. Бұл заңнамалық норманы біздің Кодексіміз тұрғысынан қарастыра келе, атальыш құқықтық мүмкіндікті зерттеуге қатысушылардың құпиялыштығын сақтай отырып қана пайдалануға болады деп есептейміз.

- 6.5.6.** Білім зерттеушісі құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз етудің заманауи және тиімді әдістері туралы хабарын кеңейтүге тырысуы керек.
- 6.5.7.** Білім зерттеушісі құпия ақпаратты қорғауды реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

6.5.8. Білім зерттеушісі заңнамада адамның өмірі мен денсаулығына қауіп тәндіретін қылмыстар, құқыққа қарсы әрекеттер, деректер мен жағдайлар туралы хабарлау міндеті көзделген жағдайларды (құпиялышты шектеу жағдайларын) қоспағанда, ақпаратты келісім аясында зерттеуге қатысатын адамның алдында құпиялышты жөнінде алған міндеттерін орындаиды.



Құпиялышты шектеу жағдайлары ҚР-дың қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінде анықталған. Мысалы, Білім зерттеушісі келесі жағдайлардан хабардар болса, міндетті түрде құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға тиіс:

– жеке тұлға ретінде – ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес «дайындалып жатқаны немесе жасалғаны анық белгілі кемелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы ауыр қылмыс, аса ауыр қылмыс не дайындалып жатқаны анық белгілі терроризм актісі туралы» (ҚР ҚК, 2014, 434-бап);

– білім, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау үйімдарының қызметкері ретінде – атапған үйімдарда қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікі) кемелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ ... осы үйімдардан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өздеріне белгілі болған фактілер туралы (егер бұл іс-әрекеттерде ҚР Қылмыстық кодексінің 434-бабында көзделген, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса)» (ҚР ӘҚБК, 2014, 127-1-бап).

Бұл міндеттердің орындалмауы атальмыш актілерде көзделген қатаң жазаға алып келеді. Заңнамада осы сияқты басқа жағдайлар көзделуі мүмкін. Яғни, білім зерттеушісінің атқаратын қызметіне және/немесе лауазымына байланысты құпиялышты шектаудың өзге заңнамалық шектеулері болады.

6.5.9. Білім зерттеушісі жеке деректердің құпиялыштың сақтауға құқылы, егер:

a. олар жалпыға қолжетімді дереккөзден алынған болса;³¹

³¹ Интернет кеністігінен алынған деректердің құпиялыштың қамтамасыз етудің ерекшелігі туралы «6.7. Цифрлық зерттеу әдебі» параграфында оқызы.

- b. зерттеуге қатысқан адам өзі туралы ақпаратты жариялауға алдын ала келісім берген болса;
- c. мәлімет қоғамдық орында немесе жария іс-шара барысында, зерттеуге қатысушы құпиялышық кепілділігі мен ақпаратты келісімді қажет етпеген жағдайда алынса.³²
- 6.5.10. Білім зерттеуші зертеу нәтижелері жалпыға қолжетімді болғанға дейін зерттеу қатысушыларының жеке деректерін иесіздендіруі керек.³³
- 6.5.11. Зерттеуге қатысқан адамдардың дербес деректерін қандай да бір себептермен жою мүмкін болмаған жағдайда мұндай деректерді беруге немесе жариялауға қатысушының рұқсат еткеніне көз жеткізу білім зерттеушісі үшін міндет. Егер рұқсат алу мүмкін болмаса, білім зерттеушісі жеке деректерді қолдану мүмкіндігін қатаң шектелуін қамтамасыз етуі керек.
- 6.5.12. Егер зерттеу деректерін дерекқорға енгізу жоспарланса, және бұл қор жоба қатысушыларынан деректі алып пайдалануға келісім алмаған тұлғаларға қолжетімді болса, онда білім зерттеушісі аталған қорға жеке деректердің енгізілмейтініне немесе деректердің тиісінше шифрланатынына/ иесізденетініне көз жеткізуі керек.
- 6.5.13. Білім зерттеушісі құпия деректерді материалдық жеткізгіштерде сақтағанда, электронды байланыс арналары (интернет, интранет, т.б.) арқылы жолдағанда олардың цифрлық қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігі туралы есте сақтауы тиіс.
- 6.5.14. Зерттеуге қатысқан адамдардың жеке деректерімен жұмыс барысында білім зерттеушісінде зерттелетін мәселеге қатысы жоқ деректер кездесуі мүмкін. Мұндай деректер пайдаланылмайды, жария етілмейді және талқыланбайды.
- 6.5.16. Егер деректерді қолдану барысында жеке деректер қажет болса, білім зерттеушілері зерттеуге қатысқан адамдардың құпиялышығын сақтау үшін деректерді тиісті шектеулермен қолжетімді ететін шараларды қол алуға тырысады.
- 6.5.17. Білім зерттеушілері мәлімет алмасу мүмкін болғанда, оны зерттеу жоспарының ажырамас бөлігі ретінде қарастыруы керек.

³² «6.3. Ақпаратты келісім» параграфында 6.3.10 тармағының түсіндірмесін оқыңыз.

³³ Глоссарийдан «зерттеуге қатысушының жеке деректерін иесіздендіру (деидентификация)» үғымының анықтамасын оқыңыз.

6.6. Зерттеу нәтижелерін жариялау мен тарату

Зерттеу нәтижелерін жариялау зерттеушілік жобаның қорытынды кезеңі болып табылады. Бұғынгі таңда зерттеу деректеріне сүйеніп жарық көрген еңбектер – білім зерттеушісінің академиялық ортадағы табыстылығын танытатын негізгі көрсеткіштердің бірі.

Зерттеудің кез келген сатысы сияқты ғылыми жарияланым белгілі бір ережелер мен талаптар бойынша әзірленуі керек. Бұл нормалар қолжазбаны баспаға дайындауды және баспамен жұмыс жасау кезеңдерін қамтиды.

- 6.6.1.** Білім зерттеушісі зияткерлік өнім авторларының тізіміне тек оны дайындауға елеулі үлес қосқан адамдардың енгеніне көз жеткізуі керек.
- 6.6.2.** Білім зерттеушісі зияткерлік өнімге елеулі үлес қосқан адамдардың барлығы кәсібі, қоғамдағы мәртебесі немесе т.б. сипаттамаларына қарамастан, автор ретінде әділ көрсетілгеніне көз жеткізуі қажет.
- 6.6.3.** Білім зерттеушісі есте сақтауға тиіс қағидалар:
 - a.** өзгенің туындысына автор немесе бірлескен автор болуға келісімшарт немесе басқа да міндеттеме арқылы кепілдік беруге болмайды;
 - b.** авторлықты әділ мойындауға кедергі жасайтын кез келген келісім жасасуға жол берілмейді;
 - c.** бөгде кісінің зияткерлік өнімінің авторлығын иемденуге болмайды;
 - d.** авторлар қатарында көрсетілген кез келген адам осындау тізімге енгізуге өзінің келісімін беруі тиіс.
- 6.6.4.** Білім зерттеушісі зияткерлік өнімде көрсетілген авторлардың тәртібі авторлық ұжым мүшелерінің қосқан үлесінің елеулігімен анықталатынына көз жеткізуі тиіс.
- 6.6.5.** Зерттеуге қатысушының академиялық мәртебесі немесе еңбек/зерттеу тәжірибесінің кез келген көрсеткіші оны зияткерлік өнімнің бірінші авторы етіп көрсетуге негіз болмайтындығын білім зерттеушісі есте ұстауы тиіс.
- 6.6.6.** Авторлық ұжым мүшелерінің арасында іс жүзіндегі лауазымдарының ықпалымен «басшы–қызметкер» қарым-қатынасының орнауына жол бермеу керектігін білім зерттеушісі есте ұстауға тиіс.

- 6.6.7. Білім зерттеушісі студентпен бірлесіп жұмыс жасағанда, не-гізінен диплом немесе диссертация жұмысынан туындастын зияткерлік өнімнің бірінші авторы осы студент болып көрсетілетіндігін есте ұстаяу тиіс.
- 6.6.8. Білім зерттеушісі өзінің студенттері мен әріптестеріне олардың білімі, кәсіби дайындығы мен тәжірибесіне сүйене отырып, өздігінен орындаған міндеттерді ғана сеніп тапсыра алады, басқа міндеттерді тек тәлімгердің тікелей бақылауымен ғана тапсыруға болады.
- 6.6.9. Қолжазбаны дайындаға қатыса тұра, үлесі елеулі деуге болмайтын адамдардың барлығы зияткерлік өнімнің «Ризашылық» атты бөлімінде көрсетілетінін білім зерттеушісі есте ұстаяу қажет.
- 6.6.10. Егер авторлық ұжымның басқа өкілдері ғылыми жобаның қайсыбір нәтижелерін шамадан тыс талғамдылықпен таратса я болмаса жаңылысатындаған таратса, онда ғылыми жобамен айналысатын авторлық ұжымның әрбір мүшесі, сонымен қатар жобаның демеушісі бұл жобадан жария түрде бас тартуға құқылы екендігін білім зерттеушісі есте сақтау қажет.
- 6.6.11. Білім зерттеушісі өзінің зияткерлік өнімінің толықтай бірегей зерттеудің нәтижесі екендігіне көз жеткізуі тиіс.
- 6.6.12. Білім зерттеушісі қолжазбаны жариялауға ұсынған кезде оның қолжазбасының басуға алғаш рет беріліп отырғандығына кепілдік беруі тиіс.
- 6.6.13. Білім зерттеушісі қолжазбаны бір мезгілде бірнеше баспаға жібермеуі тиіс. Қолжазбаны басқа баспаға тек алдыңғы баспа ресми түрде бас тартқаннан кейін ғана жіберуге болады.
- 6.6.14. Білім зерттеушісі өзінің жарияланған туындысында айтартықтай қателік немесе олқылық тапқан жағдайда, ол осы туындыны жариялаған баспаға дереу хабарлауға міндетті.
- 6.6.15. Егер баспа өздігінен немесе үшінші тараптың көмегімен жарық көрген еңбекте айтартықтай қателік немесе олқылық тапса, білім зерттеушісі осы баспамен олқылықтың орнын толтыру үшін міндетті түрде бірлесіп қызмет етуге міндетті.

6.7. Цифрлық зерттеу әдебі

Интернетті зерттеуге қызметінің ерекше бір ортасы десе болады, өйткені ол зерттеуге қажетті деректердің көзі, оларды жинау құралы және сақтайтын орны рөлін атқарады. Интернет кеңестігінің жария болуына қарамастан, білім зерттеушісі цифрлық зерттеулер өткізгенде зиян тиу тәуекелін басқару, қатысу еріктілігі, авторлық құқық пен құпиялыштықты сақтау сынды мәселелерге ерекше мән беруі керек.

Цифрлық зерттеулерді жоспарлап өткізу талаптарын нормалау зерттеу әдебінің біршама жаңа бағыты болып саналады. Бұл параграфта білім және психология салаларындағы шетелдік цифрлық зерттеулерде қолданылатын кейбір нормаларын Қазақстан контекстісіне бейімдеуге әрекет жасалды.

6.7.1. Білім зерттеушісі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған әлеуетті қатысушылардың дербес деректерін жинау және өңдеу құқығын алу үшін «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы немесе өзге де тәсілмен заңнамаға қайшы келмейтін қорғау іс-әрекеттерінің элементтерін қолдана отырып, оған қатысушылардың келісімін алуға тиіс. Бұл жағдайда зерттеуге қатысушының бұған дейін берген келісімін қайтарып алу жағдайы да осындай тәртіппен жүзеге асырады.



Кодекстің бұл нормасы ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес тұжырымдалған. Заңда білім зерттеушілері «үшінші тұлғалар» үғымына сәйкес келеді (ҚРЗ, 2013, 8-баптың 1-ші және 3-тармақтары, 10-баптың 4-тармағы), ал жеке (дербес) деректерді өңдеу деп осы деректерді жинақтау, сақтау, өзгерту, толықтыру, пайдалану, тарату, иесіздендіру, бұғаттау және жоюға бағытталған іс-әрекеттерді айтады (ҚРЗ, 2013, 1-баптың 12) тармақшасы).

- 6.7.2.** Білім зерттеушісі цифрлық зерттеуді жүргізу туралы шешім қабылдарда, оның қоғамдық маңызына және зерттеудің әле-уетті қатысушыларына әсер етуі мүмкін тәуекелді басқару мүмкіндігінң барына көз жеткізуі тиіс. Егер зерттеу тәуекелі минимумынан жоғары болып, ал цифрлық формат оны одан бетер ушықтырса, онда зерттеуші өз жобасын кәдімгі («бет-пе-бет») форматқа ауыстыру мүмкіндігін қарастырғаны жөн.
- 6.7.3.** Егер интернеттегі деректер көпшіліктің қолдануына, үшінші тарапқа беру мүмкіндігін шектемей жарық көрсе, ал веб-дерек-көзді қолдану шарттарында тыым болмаса, білім зерттеушісі бұл деректерді автордың және/немесе веб-дереккөздің ақпа-ратты келісімінсіз зерттеу мақсатына жарата алады.



ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңында халықта толық және сенімді ақпаратты Интернет-ресурстар, БАҚ немесе басқа тәсілдер арқылы жеткізуге тиіс «ақпарат иеленушілердің» тізімі бекітілген (негізінен мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар). Осы үйімдардың Интернет-ресурстарында орналастырылуға тиіс статистикалық ақпарат, аналитикалық баяндамалар мен қызметтіне жасалған шолулар, алқалы органдардың ашық отырыстарының стенограммалары және/немесе хаттамалары, халық арасында жүргізілген сауалнамалар, ақпарат алу үшін келіп түсken сұратулардың қорытындысы және т.с.с. материалдар осы Кодекстің 6.7.3 тармағында сипатталған деректерге сәйкес келеді. «Ақпарат иеленушілерінің» ұсынатын мәлімет лауазым иесінің жеке басын айқындауға мүмкіндік беретіндей көлемде жарияла-нуы аталған Заң талаптарының бірі болып табылады (ҚРЗ, 2015, 8-бап; 9-бап 2-тармағының 4) тармақшасы; 16-бап).

- 6.7.4.** Егер автордың қайсыбір жазбаны жариялаудағы уәжі (түрткісі) және/немесе жарияланымның сипаты анық болмаса, яғни бұл деректердің көпшіліктің қолдануына, үшінші тарапқа беруге және зерттеу мақсатында алып пайдалануға болатыны туралы күмән туса³⁴, білім зерттеушісі автордан ақпаратты келісім

³⁴ Мысалы, блогтарда, әлеуметтік желілерде, пікірталас онлайн форумдарында, жеке презентациялар мен кездесулерде жарияланған деректер.

алуға тырысады. Бұл ретте зерттеуге қатысушы ретінде до-мен/аккаунттың иесі болып табылатын жеке адам қарасты-рылады, себебі оның интернеттегі есімі мен аватары ойдан шығарылған болуы мүмкін.

- 6.7.5. Егер веб-жарияланым (пост және т.с.с. жазба) авторы оны қайтарып алса/жойса, онда білім зерттеушісі үшін жарияла-нының деректерін пайдаланбауы тиіс. Егер зерттеуші де-ректер жиналған соң жарияланымдардың статусын қадаға-лай алмаса, онда оларды ашып қараған күндегі мәртебесін мәлімдеп қолданғаны жөн (үлгілері – «бұл деректер жүрт-шылыққа [күні] қолжетімді болған», «деректер көпшілік-тің назарына [күні] жария болған түрінде келтіріп отыр») (BERA, 2018, p. 18).
- 6.7.6. Білім зерттеушісі цифрлық зерттеуде дәстүрлі «бетпе-бет» зерттеуіндегідей қауқарсыз қатысушылардан ақпаратты келісім алуға ерекше сақтықпен қарауы қажет. Бұл ретте заң-ды өкілдерінің келісімін интернет кеңістігінде және/немесе одан тыс алуға болады.
- 6.7.7. Сандақ цифрлық зерттеу жүргізерде білім зерттеушісі әлеу-етті қатысушының онлайн-сауламаны толтыруға келісімін қалай беретіні және одан кейін қалай бас тарта алатыны (не-месе анонимді саулама болса, электронды нысанды жол-дағаннан кейін кері қайтарып алудың мүмкін болмайтыны) туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.



Зерттеуге қатысуға келісімді білдіру үшін саулама нысанының тиісті торкөзінде таңба («жалауша», «құс» белгісін) қою мүмкіндігінің болуы әдептік түрғыдан оңтайлы тәжірибе болып саналады (British Psychological Society, 2013, p. 28).

- 6.7.8. Білім зерттеушісі интернет кеңістігінен алынған дерек-терді құпия сақтаудың күрделілігін нақты бағалап, олар-ды анонимдеу шараларын қолдануы керек (мысалы, сапа-лы цифрлық зерттеу барысында жиналған дәйексөздерді өзгертіп жазу).

7. Зерттеу жүргізетін ұйымдардың жауапкершілігі

Білім зерттеушісінің әдеп нормаларының ойдағыдан орындауы үшін зерттеу жүргізетін ұйымдарда³⁵ зерттеу ортасы қалыптасуы керек. Мұндай орта қауіпсіз, инклюзивті және ашық болғаны жөн, яғни зерттеушілер туындастырын дилеммамен бүкпей бөлісе алатын, кеткен қатені қорықпай, шынайы талқыға салатын, осылайша жеке жауапкершілігі мен есептілігін сезінетіндей болуы керек (no blame culture³⁶) (Netherlands Code of Conduct for Research Integrity, 2018, p. 20).

Бұл бөлімдегі параграфтар зерттеу жүргізетін ұйым басшыларының білім зерттеушілері қызметін қолдау мен ынталандыру жөніндегі неғізгі міндеттерін сипаттайтын нормалардан тұрады.

7.1. Зерттеу әдебінің сақталуына жағдай туғызы

Зерттеу әдебінің сақталуына жағдай туғызын жұмысын шартты түрде екіге бөлуге болады: 1) зерттеу қызметін жауапты басқару және 2) ұйым ішінде әдептік сараптаманы нақты рәсімдер түрінде жолға қою.

Бұл параграф негізінен зерттеу қызметін жауапты басқару мәселе-леріне арналған, атап айтқанда, зерттеу жүргізетін ұйымдардың тиісті институциялық саясат пен тетіктерді құруы, білім зерттеушілерін оқыту мен олардың біліктілігін арттыру, деректерді басқару жүйелерін дамытып қолдау және зерттеу нәтижелерін тарату.

7.1.1. Ұйым ішінде қолайлы зерттеу ортасын қалыптастырып дамыту мақсатында зерттеу әдебіне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптары анықталып, осы Кондектің ұстанымдары мен нормаларына сәйкес келетін ішкі ережелер мен нұсқаулықтар әзірленіп, қабылданып, қолдануға дайын болуға тиіс.

7.1.2. Ұйым:

- зерттеуден зиян тиу тәуекелдерін бағалау мен басқарудың маңызын (зерттеуге қатысатын адамдар мен зерттеушінің өзі үшін қажеттілігін) түсінуі үшін зерттеумен айналысатын әр-

³⁵ Глоссарийдан «зерттеу жүргізетін ұйымдар» ұғымының анықтамасын оқыңыз.

³⁶ No blame culture (ағылшынша «кінәламау мәдениеті») – кінәлін емес, шешімді іздеу мәдениеті.

- бір қызметкер, студент пен докторанттың зерттеу әдебі бойынша тиісті оқудан жүйелі түрде өтүйн;
- b. зерттеу жобаларының ғылыми жетекшілерінің және зерттеу әдебін ілгерілету мен әдептік қарама-қайшылықтар бойынша кеңес беру қызметі жүктелетін қызметкерлердің арнайы (тереңдетілген) оқудан өтүйн қамтамасыз етуге міндетті.



Мәселен, Назарбаев Университетінде зерттеу әдебі комитетінің мүшелері, ғылыми жетекшілер мен зерттеуге араласатын қызметкерлер «Collaborative Institutional Training Institute» (CITI) онлайн оқыту бағдарламасы бойынша тиісті курсардан өтүге міндетті. Осы Кодекстің жариялану уақытына таман Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі KERA-мен бірлесіп, елімізде педагог кадрларды даярлайтын 7 университеттің қызметкерлеріне адамдар қатысуымен жүргізілетін зерттеу әдебінің негіздері бойынша арнайы курсарды өткізді. Курс сертификаты бірлескен зерттеу жобаларына қатысуға құқық береді және зерттеуді әдеп түрғысынан оңтайлы жүргізуге қажетті білім-дағдының барын растайды.

- 7.1.3. Үйым ішінде зерттеушілік жобалардың ғылыми жетекшілерінің жауапкершілігі нақтылануы керек, атап айтқанда, әдептік реттеу рәсімдерінің орындалуы, мұдде қайшылығын басқару, зерттеу тобы мүшелерінің зерттеу кезеңдері туралы хабардар болуы, бір-бірімен тиімді әрекеттесуі және т.б. қатысты міндеттері айқын болуы шарт.
- 7.1.4. Зерттеу әдебінің ұстанымдары мен нормаларының сақталуын қамтамасыз ету үшін, тиісті мониторинг жүргізу, келіп түскен сұрақтар мен өтініштерді қарау, ақыл-кеңес үшін үйымдар өз ішінде Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетті құра алады немесе осындай органды бар үйымға жүгіне алды.³⁷
- 7.1.5. Үйым ішінде жаңа білім зерттеушілеріне тиісті біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі бар, соның ішінде зерттеу әдебінен хабардар тәлімгерлер ұсынылуы тиіс.

³⁷ Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің қызметі, мүшелері мен рәсімдерінің сипаттамасын «7.2. Әдептік сараптама» параграфынан оқызы.

- 7.1.6. Үйым ішінде зерттеу деректерін басқару саясаты әзірленуге тиіс. Мұндай саясат деректердің қомақты мөлшерін қауіпсіз, құпиялы, ыңғайлы және ұзақ мерзімге сақтау, пайдалану және тарату жөніндегі талаптарды, сондай-ақ осы деректерді өзге мүдделі білім зерттеушілерімен алмасу рәсімдерін қамтуы керек.
- 7.1.7. Білім зерттеушілері үйым ішінде тиісті зерттеу инфрақұрылымымен³⁸ жабдықталуы тиіс.
- 7.1.8. Үйым білім зерттеушісінің зерттеу нәтижелерін тарату талпыныстарына үйімдастыру және т.с.с. сипаттағы шаралармен жәрдемдесуге тиіс (мысалы, дөңгелек үстел өтетін орын бөлу, жеке веб-сайтын немесе үйым веб-сайтында қосымша элемент жасап беру, PR іс-шараларын өткізуі қаржыландыру, т.б.).
- 7.1.9. Үйым ішінде білім зерттеушілері әзірлеуге атсалысқан зияткерлік өнімге³⁹ деген мүліктік емес және мүліктік жеке құқықтардың әділ қорғалуын қамтамасыз ету – міндет.



ҚР «Авторлық құқық және сабактас құқықтар туралы» Заңына сәйкес авторды оның мүліктік емес жеке құқықтарынан (авторлық, есімінің аталуы, автордың беделін қорғау, халықта жария ету, кері қайтарып алу құқықтарынан) айрыруға болмайтынына және мүліктік жеке құқықтарын өзге тұлғаларға беру шарттарын орындауға ерекше көңіл бөлу қажет (ҚРЗ, 1996, 15-ші, 16-баптар, т.б.).

7.2. Әдептік сараптама

Білім зерттеушісі өзінің зерттеушілік жобасының қоғам үшін маңызымен шабыттанатындықтан, зерттеуінің пайдасын (игілігін) әсірелеуғе, ал одан қатысушыларға зиян тиу тәуекелін кемітіп көрсетуге бейім болып тұрады. Осыған байланысты зерттеуде қатысушы адамдардың қаншалықты қорғалғанын және зерттеу әдебінің басқа да талаптарының орындалғанын әділ бағалайтын сырт көз керек. Мінекей, осындаі

³⁸ Глоссарийдан «зерттеу инфрақұрылымы» үғымының анықтамасын оқыңыз.

³⁹ Глоссарийдан «зияткерлік өнім» үғымының анықтамасын оқыңыз.

бағаны Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет⁴⁰ әдептік сараптамаға сүйеніп береді.

Бұл параграф әдептік сараптаманы өткізетін жұмыс органы мен оның ресімдері туралы жалпы нормаларды қамтиды. Мұндай нормаларды практика жүзінде қолдану үшін зерттеу жүргізетін үйымдар өз ішінде нақтыланған және контекстке сәйкес қағидаларды (ережелерді, регламенттерді) қабылдауы қажет болады.



Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет қызметінің фасилитация, яғни қолдау, жағдай туғызу сипатында орындалуы аса маңызды. Комитет ұсыныстарын басшылыққа алып, тиісінше құлшының білдіретін білім зерттеушілері әдette өз зерттеушілік жобаларының әдептік сараптамадан ойдағыдай өтуіне қол жеткізеді. Аталмыш комитетті құратын үйымдар бұл орган жұмысында төрешілдік-ке⁴¹, назардың қолдаудан қадағалауға ауысып кетуіне жол бермеуге тиіс.



Зерттеулерді әдеп түрғысынан реттеудің халықаралық тәжірибесінің енүіне орай зерттеу жүргізетін үйымдар, әсіресе жоғары оқу орындары үшін отандық тәжірибедегі үлгілердің маңызы зор. Бұл ретте 2012 жылдан бері Назарбаев Университеті Ғылыми Кеңесінің жаһындағы қызмет ететін Ғылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитетінің ережелері мен регламенттері кәдеге жарайтыны сөзсіз (НУ ФЗИӘК, к/к).

- 7.2.1.** 7.1.4 тармағына сәйкес құрылатын Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет келесі қызметтерді орындаиды:⁴²
- зерттеушілік жобаны әдептік сараптаудың қажеттілігі мен түрін анықтау (кеңейтілген немесе қысқа; 7.2.11, 7.2.12 тармақтарын оқыңыз);

⁴⁰ Глоссарийдан «зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет» үғымының анықтamasын оқыңыз.

⁴¹ Төрешілдік – бюрократия, бюрократизм.

⁴² Кейір жағдайларда Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің құзырына «қақпашы» қызметі енгізілуі мүмкін (Глоссарийдан «қақпашыдан» рұқсат алу (gatekeeper permission) туралы оқыңыз). Мысалы, Комитетке білім беру үйымдарындағы кәмелетке толмаған шәкірттермен зерттеу өткізу сұратулырына ресми жауп беру міндетін жүктесе болады.

- b. әдептік сараптама қорытындысы бойынша мына шешімнің бірін қабылдау – «мақұлданды», «өзгерістер енгізуі талап етеді» (шешіммен бірге негіздемесі келтіріледі), «қабылданбады» (білім зерттеушісі зерттеушілік жобаны түзетуден бас тартқан және/немесе зерттеу әдебін өрекел бұзған жағдайда⁴³);
 - c. зерттеушілік жобаны іске асыруды тоқтата тұру (білім зерттеушісі Комитеттің әдептік сараптама қорытындысында берген ұсыныстарын орындамаған жағдайда);
 - d. білім зерттеушісінің әдептік сараптаманы алып, соның негізінде зерттеушілік жобаға енгізген барлық өзгерістері мен толықтыруларын қарастыру;
 - e. мақұлданған зерттеушілік жобаларды ішінара мониторингтеу;
 - f. білім зерттеушілері тап болған қызындық, қарама-қайшылық, әдептік дилемма бойынша кеңес беру;
 - g. өз қызметі туралы жыл сайын немесе үйімның құзырлы инстанциясының⁴⁴ сұратуымен есеп беру.
- 7.2.2. Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің қызметі үйім ішінде қабылданған ережелерге сүйенуге тиіс. Бұл ережелерде білім зерттеушілерінің өтінімдерін бағалау рәсімдері, нұсқаулықтары мен критерийлерінің нақты сипаттамалары және қажетті құжаттардың нысандары болуы керек. Мұндай ережелер мен олардың қосыншалары жалпыға қолжетімді болуы, атап айтқанда, үйім сайтына жүктелуі шарт.



Білім зерттеушісі Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетке өтінімін берместен бұрын ондағы зерттеу тәуекелдерін, пайдасын және зерттеудің әлеуетті қатышуыларын қорғау шараларының қаншалықты жеткілікте болатынын өздігінен бағалай алуға мүмкіндігі болуы қажет. Білім зерттеушісінің жоба тәуекелдері мен игілігін өздігінен бағалау міндеттері «6.2. Зерттеуден зиян тиу тәуекелі және зерттеу пайдасы» параграфында сипатталған.

⁴³ Мысалы, білім зерттеушісі әдептік сараптама өткізуге өтінімін зерттеуін аяқтағаннан соң жолдаса.

⁴⁴ Мысалы, ЖОО-да мұндай инстанция рөлін ЖОО-ның ғылыми кеңесі атқаруы мүмкін.

- 7.2.3.** Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет кем дегенде 5 кісіден тұруы керек, олар осы үйімда адамдардың қатысуымен зерттеулерді ең жиі үйімдастыратын білім бағытының (тарауының) өкілдері болуға тиіс. Бұдан басқа, Комитет құрамы ұжым қызметкерлерін жыныс, тіл, мәдениет және басқа да белгілері бойынша мүмкіндігінше әділ қамтығаны жөн. Комитеттің бір мүшесі сырттан тартылуы да мүмкін.
- 7.2.4.** Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет мүшелері қажетті біліктілікке ие бола отырып, әдептік сараптаманы өткізетін жұмыс органдының қызметі туралы арнайы (терендетілген) оқудан өтуге міндетті.
- 7.2.5.** Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет мүшелерінде қарауға ұсынылған зерттеушілік жобасын ойдағыдай сараптауға құзыярреттілігі жетпесе (арнайы құзыярреттілікті қажет етсе), Комитет әдептік сараптаманы жүргізуге сырттан сарапшы тартуына құқылы.
- 7.2.6.** Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет мүшелері мүдде қайшылығын болдырмауға баса назар аударады. Егер Комитет мүшелерінің біреуінде әдептік сараптамаға ұсынылған жобаға қатысты мүдде қайшылығы болса, ол бұл қайшылығы туралы ашық мәлімдеп, дәл осы жоба бойынша талқылау мен шешім шығару барысына қатыспауға міндеттенеді.
- 7.2.7.** Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің дербестігін (автономдығын) келесі қағидалар қамтамасыз етеді:
- комитетті құрған үйімда немесе зерттеуді қаржыландыратын не қолдайтын үйімда өкімдік функцияларға ие лауазымды тұлғалар Комитеттің мүшелері я төрағасы бола алмайды;
 - комитет мүшелерінің кем дегенде біреу зерттеуді қаржыландыратын немесе қолдайтын үйімға қатысы болмауы тиіс;
 - комитетті құрған және жұмыс органды ретінде ұстап отырған үйімның басшылығы Комитет мүшелерінің зерттеушілік жобаларды сараптаудағы немесе басқа да қызметіндегі көзқарасына байланысты қудалануына жол бермеуге міндетті (WHO, 2011, Standard 4).
- 7.2.8.** Зерттеу жүргізетін үйімның ерекшелігі мен ауқымына қарай Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет құрылымдық белімшелер деңгейінде кіші комитеттерді құра алады.



Студенттердің ғылыми жобаларын уақтылы қарастыру үшін жоғары оқу орындарындағы Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет жаңында әрбір факультетке (жоғары мектепке) арналған кіші комитеттері қызмет етуі мүмкін. Мәселен, Назарбаев Университетіндегі тиісті комитеттің мектептер деңгейінде жұмыс істейтін 5 кіші комитеті бар. Бұл ретте ірі комитет пен кіші комитеттердің зерттеушілік жобалардың тәуекел түріне және білім зерттеушілердің біліктілігіне қарай қызмет бөлінісіне баса назар аудару қажет.

- 7.2.9.** Зерттеушілік жобалардың әдептік сараптамасында, әдетте, келесі аспектілер бағаланады:
- зерттеуден зиян тилю тәуекелі мен оның пайдасы (игілігі) (ықтимал зиян түрлері, оны мейлінше азайту шаралары, күтілетін пайдаға орай тәуекелдің орындылығы);
 - зерттеудің әлеуетті қатысушыларынан ақпаратты келісім алу рәсімдері мен құжаттары;
 - зерттеудің қауқарсыз әлеуетті қатысушыларынан ақпаратты келісім алу рәсімдері мен құжаттары;
 - зерттеуге қатысатын адамдарды тарту мен іріктеу, зерттеу пайдасының (игілігінің) біркелкілігі, зерттеудің қауқарсыз әлеуетті қатысушыларының құқықтары мен мүддесін қорғаудың қосымша шаралары;
 - зерттеудің барлық кезеңдерінде деректер құпиялышының сақтау рәсімдері;
 - зерттеу деректерін жинау, сақтау және талдау жоспарларының білім зерттеушісінің әлеуетті қатысушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерімен сәйкестігі; білім зерттеушілерінің зерттеу деректерін жинау, сақтау және талдауға қатысты біліктілігі;
 - зерттеудің қауқарсыз әлеуетті қатысушыларының құқықтары мен мүддесін қорғаудың қосымша шаралары;
 - ғылыми жетекші мен зерттеу жобасы мүшелерінің біліктілігі, нормативтік құқықтық актілер мен үйімнің ішкі ережелерін сақтау.
- 7.2.10.** Зерттеуге қатысудан тилю мүмкін зиян түріне қарай Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет әдептік сараптаманы толық немесе қысқарған құрамда өткізе алады.

- 7.2.11.** Зиян тиу тәуекелі минимумынан жоғары зерттеушілік жобалардың кеңейтілген әдептік сараптамасын өткізу талап етілгенде Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет толық құрамда жиналады.
- 7.2.12.** Егер әдептік сараптамаға ұсынылған зерттеушілік жобаның зиян тиу тәуекелі минимумынан аспайтын болса, Комитет төрағасы қысқа (жедел) сараптама⁴⁵ өткізу үшін комитеттің бір немесе екі мүшесін белгілейді.

7.3. Өтпелі ережелер

Осы Кодекс мазмұнынан көрініп тұрғандай, зерттеу жүргізетін үйімдарда зерттеу әдебі толыққанды сақталуы үшін онымен шүғылданатын институциялық комитеттер болуы шарт («7.2. Әдептік сараптама» параграфын қараңыз). Жоғары оқу орындарының әрқайсысы үшін Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитеттің қызмет етуі қалыпты тәжірибеге айналғаны дұрыс.

Қазіргі кезде Қазақстанның зерттеу үйімдарында (медициналық оқу орындарынан басқа) көбінесе аталмыш комитет қызмет етпейді. Мұндай комитеттердің үлттық және институциялық деңгейде құрылып дамуы үшін ғылымның барлық салалары, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулерді әдептік тұрғыдан реттеудің қазақстандық жүйесі орнауы қажет. Ондай жүйе үшін құқықтық базаны, регламенттер мен оқыту контентін айтпағанда, зерттеушілердің бойында тиісті құзыреттілікті қалыптастырып жетілдіру қажет болады. Бұл зерттеушілердің үздіктері кейін әдеп комитеттерінің құрамына енүі керек.

Атапған қыындықтарды түсіне отырып, Кодекс авторлары осы параграфта Зерттеу адалдығын сақтаудың қазақстандық жүйесі орнықсанға дейін білім зерттеушілері мен зерттеу жүргізетін үйім басшыларына зерттеушілік жобаларды әдептік сараптамадан өткізудің уақытша балама шараларын тұжырымдады.

- 7.3.1.** Білім зерттеушісі жұмыс жасайтын үйімда Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет болмаған жағдайда осы Кодекстің аталмыш комитетіне қатысты талаптарды орындау үшін төмендегі шаралардың бірін қолданса болады:

⁴⁵ Мәселен, Назарбаев Университетінде қысқа (жедел) сараптама екі–төрт аптаның ішінде өткізіледі.

- a. әдептік сараптама алу үшін халықаралық тәжірибеге сәйкес зерттеу әдебі бойынша тиісті оқудан өткен білім саласының сарапшысына немесе сарапшыларына өтініш білдіру;
 - b. әдептік сараптама алу үшін атамыш комитеті бар басқа ұйымға өтініш білдіру.
- 7.3.2. Зерттеу жүргізетін үйімдардың басшылығы осы Кодекстің Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитетті құру мен да-мыту туралы талаптарды орындау үшін өтпелі кезеңде уақыт-ша шара ретінде төмендегілердің бірін қолданса болады:
- a. әдептік сараптама қызметін ақылы көрсете алатын үйімдар-мен серіктестік орнату;
 - b. үйым ішінде бір немесе бірнеше зерттеушілік жобалар үшін құрылатын уақытша (ad hoc) комитеттер құру;
 - c. үйым ішінде зерттеу әдебінің негіздерін және қыр-сырын мен-герген сарапшылар тобын құрып, олардың өз әріптестері үшін әдептік сараптаманы тәуелсіз және әділ жүргізуіне жағдай туғызу.

8. Дереккөздер

АОО НИШ (Автономная организация образования «Назарбаев интеллектуальные школы»). (2015). Этический кодекс проведения исследований в образовании.
<http://research.nis.edu.kz/wp-content/images/files/Концепция-проведения-исследований-Приложение-1-v-3.pdf>

Апресян, Р.Г., Кубарь, О.И. & Юдин, Б.Г. (2011). Аналитический обзор и проект Декларации для государств – участников СНГ об этических принципах научной деятельности. СПб.: Издательство НИИЭМ им. Пастера.

Бочавер, А., Хломов, К. (2013). Буллинг как объект исследований и культурный феномен. Психология. Журнал ВШЭ. № 3. С. 149–159.
<https://cyberleninka.ru/article/n/bulling-kak-obekt-issledovaniy-i-kulturnyy-fenomen>

Всемирная конференция по добросовестности в исследованиях. (2010). Сингапурское заявление о добросовестности в исследованиях.
<https://wcrif.org/documents/302-ss-russian/file>

Қоңыратбай, Т. (к/к)⁴⁶ Ә. Қоңыратбаев – 110 жыл! Ғұламалар ғибраты.
http://www.rusnauka.com/43_DWS_2015/Istoria/4_203162.doc.htm

ҚР ӘҚБК (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі). Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (2014), 2014 жылғы 5 шілде, № 235-V ҚРЗ.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>

ҚР ДСӘДМ. (2015). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Тиісті фармацевтикалық практикаларды бекіту туралы» бүйрығы, 2015 жылғы 27 мамыр, № 392.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011506#z28>

⁴⁶ к/к – күні көрсетілмеген.

ҚҚР ДСМ (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі). (2019). Медициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын, сондай-ақ зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы, 2019 жылғы 4 мамыр, № ҚР ДСМ-64.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018630>

ҚР ДСМ (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі). (2018). In vitro диагностикасы үшін медициналық бұйымдарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер, клиникалық зерттеулер, клиникалық-зертханалық сынаулар жүргізу қағидаларын, сондай-ақ клиникаға дейінгі және клиникалық базаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы, 2018 жылғы 2 сәуір, № 142 бұйрығы.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016768>

ҚР ҚК (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі). (2014). Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жылғы 3 шілде, № 226-V ҚРЗ.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

ҚР НЕОК (Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі). Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі (2011), 2011 жылғы 26 желтоқсан, № 518-IV.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы (2015), 2015 жылғы 16 қараша, № 401-V ҚРЗ.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы (1997), 1997 жылғы 16 сәуір, № 94.

http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094_

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (2011), 2011 жылғы 18 ақпан. № 407-IV.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы (2013), 2013 жылғы 21 мамыр. № 94-V.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Заңы (2015), 2005 жылғы 21 қараша. № 87.

http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000087_

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2019), 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ, 1-бартың 1) тармақшасы.

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

ҚРЗ (Қазақстан Республикасының Заңы). Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы (1996), 1996 жылғы 10 маусым, № 6-І.

http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000006_

Латов, Ю.В. (2001). Экономика вне закона: Очерки по теории и истории теневой экономики. Москва: Московский общественный научный фонд, 2001, 284 с.

<http://ecsocman.hse.ru/text/19193046/>

МБА (Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Мемлекеттік басқару академиясы). (2018). Әдеп және академиялық адалдық кодексі.

https://law.apa.kz/образование-2/приказы-академии-о/kodeks_etiki

НУ ФЗИӘК (Назарбаев Университеті Фылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитеті) (к/к).

<https://nu.edu.kz/kk/gyllym/provosttyn-ofisi/ghyllymi-zertteulerdin-institutsonaldyq-adep-komiteti>

Сарымсакова, Б.Е., Розенсон, Р.И. & Баттакова, Ж.Е. (2007). Руководство по этике научных исследований (методические рекомендации). Астана: Национальный научный центр материнства и детства, Казахская государственная медицинская академия МЗ РК.
<http://www.rcrz.kz/docs/etic/23..pdf>

Совет по правам человека ООН. (2012). Доклад Специального докладчика в области культурных прав Фариды Шахид. Право на пользование результатами научного прогресса и их практического применения (A/HRC/20/26).

<https://undocs.org/pdf?symbol=ru/A/HRC/20/26>

ЮНЕСКО (1999). Декларация о науке и использовании научных знаний.

http://www.unesco.org/science/wcs/declaration_r.pdf

AERA Code of Ethics: American Educational Research Association Approved by the AERA Council February 2011. (2011). *Educational Researcher*, 40(3), 145–156.

<https://doi.org/10.3102/0013189x11410403>

British Educational Research Association (BERA). (2018). Ethical Guidelines for Educational Research, fourth edition. *British Educational Research Association (BERA)*, 48.

<https://doi.org/10.1080/00031305.1984.10483191>

British Psychological Society. (2013). *Ethics Guidelines for Internet-mediated Research*. British Psychological Society (p. 28).

<https://doi.org/INF206/1.2013>

British Psychological Society. (2017). British Psychological Society Ethics Guidelines for Internet-mediated Research. *British Psychological Society*, 1–2.

<https://doi.org/INF206/1.2013>

De Guchteneire, P. (2004). Code of conduct for social science research. Paris: UNESCO.

http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTIMEDIA/HQ/SHS/pdf/Soc_Sci_Code.pdf

Determining Whether IRB Review is Required for an Activity. (2019).
<https://www.umass.edu/research/guidance/determining-whether-irb-review-required-activity>

DG Research and Innovation, E. (2018). *Ethics in Social Science and Humanities*. (Rep.).
doi:https://ec.europa.eu/info/sites/info/files/6._h2020_ethics-soc-science-humanities_en.pdf

Frankenfield, J. (2020, January 29). How Personally Identifiable Information (PII) Works.
<https://www.investopedia.com/terms/p/personally-identifiable-information-pii.asp>

Grimes, R. (2019, August 22). What is personally identifiable information (PII)? How to protect it under GDPR.
<https://www.csoonline.com/article/3215864/how-to-protect-personally-identifiable-information-pii-under-gdpr.html>

González-Duarte, A., Zambrano-González, E., Medina-Franco, H., Alberú-Gómez, J., Durand-Carbajal, M., Hinojosa, C. A., Aguilar-Salinas, C., & Kaufer-Horwitz, M. (2019). II. The Research Ethics Involving Vulnerable Groups. *Revista de Investigación Clínica*, 71(4), 217-225.
<https://www.medicgraphic.com/pdfs/revinvcli/nn-2019/nn194a.pdf>

Humanities and Social Sciences Research Ethics Committee of University of KwaZulu-Natal. (2014). General Guidelines for the Ethics Review Processes
http://research.ukzn.ac.za/Libraries/Research_Document/General_Guidelines_for_the_Ethics_Review_Processes.sflb.ashx

Institute of Medicine. 2015. Informed Consent and Health Literacy: Workshop Summary. Washington, DC: The National Academies Press.
<https://doi.org/10.17226/19019>

Is it Research: What is «Contributing to Generalizable Knowledge?» (2019).
<https://research.ncsu.edu/sparcs/files/2019/10/What-is-Research-and-Needs-IRB-Approval.pdf>

Is your project human subjects research, or not?... (2017).
https://oprs.usc.edu/files/2017/04/NHSR_v.10.26.17.pdf

Midasproject_go3pv6. (2019, May 27). Internet Mediated Research: Ethics and Consent in the Digital Age.
<http://www.midasproject.eu/2019/05/27/internet-mediated-research-ethics-and-consent-in-the-digital-age/>

NU IREC (Nazarbayev University *Institutional Research Ethics Committee*). (2018). *Institutional Research Ethics Committee Procedures* [PDF]. Article 1 «Definitions». <https://nu.edu.kz/wp-content/uploads/2017/12/IREC-Procedures-20.02.2018-Posted-on-IREC-Webpage.pdf>

NU IREC (Nazarbayev University Institutional Research Ethics Committee). (2017). VI. Informed Consent in Human Subjects Research. <https://nu.edu.kz/wp-content/uploads/2017/12/VI.-Informed-Consent-in-Human-Subjects-Research.pdf>

National Health and Medical Research Council (2018). Australian Code for Responsible Conduct of Research.
<https://www.nhmrc.gov.au/sites/default/files/documents/attachments/grant%20documents/The-australian-code-for-the-responsible-conduct-of-research-2018.pdf>

National Statement on Ethical Conduct in Human Research (2007) - Updated 2018. The National Health and Medical Research Council, the Australian Research Council and Universities Australia. Commonwealth of Australia, Canberra.
<https://www.nhmrc.gov.au/about-us/publications/national-statement-ethical-conduct-human-research-2007-updated-2018>

Netherlands Code of Conduct for Research Integrity, The Netherlands (2018):
<https://www.nhmrc.gov.au/sites/default/files/documents/attachments/grant%20documents/The-australian-code-for-the-responsible-conduct-of-research-2018.pdf>

Privacy in Research. (n.d.). <https://explorable.com/privacy-in-research>

Scottish Educational Research Association (SERA). (2005). Ethical Guidelines for Educational Research.
<https://www.sera.ac.uk/wp-content/uploads/sites/13/2018/08/SERA-Ethical-GuidelinesWeb.pdf>

Sieber, J., & Tolich, M. (2013). *Planning Ethically Responsible Research*. SAGE Publications, Inc.
<https://doi.org/10.4135/9781506335162>

Singh, S., & Wassenaar, D. (2016). Contextualising the role of the gatekeeper in social science research. *South African Journal of Bioethics and Law*, 9(1), 42.
<https://doi.org/10.7196/sajbl.2016.v9i1.465>

The Economic and Social Research Council [ESRC]. (2015). Framework for research ethics.
<https://esrc.ukri.org/files/funding/guidance-for-applicants/esrc-framework-for-research-ethics-2015/>

FIRI (The Finnish Research Infrastructure Committee). (2014). Finland's Strategy and Roadmap for Research Infrastructures 2014–2020 (approved on 17 December 2013).
https://www.aka.fi/globalassets/awanhat/documents/firi/tutkimusinfrastruktuurien_strategia_ja_tiekartta_2014_en.pdf

UNESCO Division of Ethics of Science and Technology. (2006). *Interim analysis of codes of conduct and codes of ethics (SHS/2006/PI/H/5)*.
<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000147335/PDF/147335eng.pdf>. multi

University of Waterloo. (2015, November 17). Guidelines for conducting research within structures and gatekeepers.
<https://uwaterloo.ca/research/office-research-ethics/research-human-participants/pre-submission-and-training/human-research-guidelines-and-policies/guidelines-conducting-research-within-structures-and>

World Health Organization (2011). *Standards and guidance for entities that establish research ethics committees.*

<https://www.ncbi.nlm.nih.gov/books/NBK310670/#ch2.s3>

What is the Institutional Review Board (IRB)? (2017, May 17).
<https://research.oregonstate.edu/irb/frequently-asked-questions/what-institutional-review-board-irb>

9. Қосымшалар

Ақпаратты келісім үлгісі⁴⁷

Кіріспе.

Сізге «_____» атты зерттеу жобасына қатысу ұсынылады.

Зерттеу сипаттамасы.

Зерттеудің мақсаты мен әдіснамасын, жоспарлы ұзақтығын және зерттеуге әлеуетті қатысушының не істеу керектігін егжей-тегжейлі сипаттаңыз. Бұл сауалнама / сұхбат шамамен [_____] минут уақыт алады.

Тәуекелдер.

Зерттеуден қатысушыға зиян тиу тәуекелдерін көрсетіңіз, мысалы, құпиялылықтың бұзылу қаупі, зерттеу қатысуға уақыттың шығындаулы, т.б.

Зерттеуге қатысудан күтілетін пайда (игілік).

Зерттеуге қатысудың игілігін ұйым, қоғам, жалпы, ғылым саласы, кей жағдайда қатысушылар көруі мүмкін.

Өтемақы.

Зерттеуге қатысқаныңыз үшін Сізге материалдық өтемақы төленбейді. Зерттеу нәтижелерімен Сіз мақалалар мен есептер шыққан соң таныса аласыз.

⁴⁷ Назарбаев Университеті ғылыми зерттеулердің институционалдық әдеп комитетінің үлгісі негізінде әзірленді (НУ ФЗИӘК, к/к).

Құпиялышық.

Зерттеу барысында алынған кез келген ақпарат барынша құпия сақтады. Аудиожазба транскриптіндегі (сұхбат стенограммасындағы) Сіздің жеке деректеріңізді құпия сақтау үшін зерттеу командасы ақылға қоныымды барлық күш-жігерін жұмсайды. Алайда толық құпиялышыққа кепілдік беру мүмкін емес.

(Деректердің қалай, қайтіп сақталатынын, кімге қолжетімді болатынын түсіндіріңіз. Эдette барлық деректер жобаның ғылыми жетекшісінің құпиясөзбен қорғалған компьютерінде сақталады. Деректер зерттеу әдебі бойынша оқудан өткен зерттеу командасының мүшелеріне де қолжетімді болады. Деректерді сақтау құпиялышығын бұзу қаупін тудыратын жағдайларды сипаттаңыз. Бұл ақпарат сақталатын сервердің, қатты дисктің осалдығына байланысты орын алуы мүмкін).

Зерттеуге қатысу еркітілігі.

Зерттеуге адам өз еркімен ғана қатыса алады. Егер Сіз зерттеуге қатысуга берген келісіміңізден бас тартқызыз келсе, бұл шешіміңізді жобаның кез келген уақытында себебін түсіндірместен, ешқандай салдарсыз мәлімдей аласыз.

Ғылыми жетекшінің байланыс деректері.

Осы зерттеу жобасына қатысты қандай да бір сауалдар немесе ой-пікірлер болса, жобаның ғылыми жетекшісіне хабарласса болады:

_____ (Т.А.Ә.⁴⁸), _____ (телефон нөмірі),
_____ (email).

Кез келген сұрақтар немесе мәселелерді _____ (университет атаяу) Зерттеу әдебі жөніндегі институциялыш комитетіне _____ электронды поштасы арқылы жолдауға болады.

⁴⁸ Т.А.Ә. – тегі, аты, әкесінің аты.

Келісім беру туралы мәлімдеме.

Мен, _____,
(зерттеуге қатысуышының Т.А.Ә.)

осы зерттеуге өз еркіммен қатысуға келісім беремін.

Зерттеушілер маған зерттеудің мақсаты мен негізгі ақпаратын, соның ішінде менің бұл зерттеуде не істеу керектігімді нақты түсіндіріп берді. Мен зерттеуге ерікті түрді қатысатынымды түсініп тұрмын. Мен кез келген уақытта, уәжімді (себебімді) түсіндірмesten зерттеуге қатысу келісімімнен бас тарта аламын. Және мұндай шешімнің мен үшін ешқандай жағымсыз салдары болмайды.

Мен зерттеу барысында жиналатын мәліметтің құпия түрде қолданылатынын түсінемін.

Қолы: _____ Күні: _____

Зерттеуші: _____
(Т.А.Ә.)

Қолы: _____ Күні: _____

**Кодексте кездесетін зерттеу әдебіне қатысты
ұғымдар мен терминдердің орысша-ағылшынша нұсқалары**

Автордың жеке мүлкітік және мүлкіткі емес құқықтары	Личные имущественные и неимущественные права автора	Author's personal property and non-property rights
Адамдар қатысуымен жүргізілетін зерттеулер	Исследования с участием людей	Human subjects research
Адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау	Зашита чести и достоинства	Protection of honor and dignity
Идентификаторлар (тура, жанама)	Идентификаторы (прямые, косвенные)	Identifiers (direct, quasi-identifiers)
Ақпаратты келісім	Информированное согласие	Informed consent
Ауызша ақпаратты келісім	Устное информированное согласие	Oral informed consent
Әдептік дилемма	Этическая дилемма	Ethical dilemma
Әдептік сараптама	Этическая экспертиза	Ethical review
Әділдік	Справедливость	Justice
«Басши-қызметкер» қарым-қатынасы	Отношение «начальник-подчиненный»	Supervisor-subordinate relationship
Білім зерттеушілері	Исследователи образования	Education researchers
Ғылым ғибраты	Научная мораль	Morality of science
Ғылыми жетекші	Научный руководитель	Principal investigator
Ғылыми зерттеулер бостандығы	Свобода научных исследований	Freedom of scientific research
Деректерді анонимдеу	Анонимизация данных	Data anonymization
Есептілік	Подотчетность	Accountability
Жайсызыдық	Дискомфорт	Discomfort
Жалпыланған білім	Обобщенные знания	Generalizable knowledge
Жеке (дербес) деректер	Персональные данные	Personal data

Жеке деректерді иесіздендіру	Обезличивание персональных данных	Depersonalization of personal data
Жеке өмірге қол сұқпау	Неприкосновенность частной жизни	Inviolability of private life
Жеке тұлға автономдығы	Автономность личности	Autonomy of person
Заңды өкіл	Законный представитель	Legally authorized representative
Зерттеу адалдығы	Исследовательская честность	Research integrity
Зерттеу әдебі	Исследовательская этика	Research ethics
Зерттеу әдебі жөніндегі институциялық комитет	Комитет по институциональной этике исследований	Institutional research ethics committee
Зерттеу инфрақұрылымы	Исследовательская инфраструктура	Research infrastructure
Зерттеу пайдасы (игілігі)	Польза (выгоды) исследования	Research benefits
Зерттеу пайдасын барынша көбейту	Максимизация пользы исследования	Maximizing benefits from research
Зерттеу тәуекелін мейлінше азайту	Минимизация риска исследования	Minimizing risk in research
Зерттеуге қатысушы (әлеуетті, іс жүзіндегі)	Участник исследования (потенциальный, фактический)	Research participant (potential, actual)
Зерттеудің қауқарсыз қатысушылары	Уязвимые участники исследований	Vulnerable research participants
Зерттеудің ықтимал зияны	Потенциальный вред исследования	Potential harm of research
Зерттеушілік жоба	Исследовательский проект	Research project
Зиян тиу тәуекелі (минимумынан жоғары/төмен)	Риск нанесения вреда (превышающий или не превышающий минимальный риск)	Risk of harm (more or less than minimal risk)

«Зияның тимесін»	«Не навреди»	«Do No Harm»
Зияткерлік өнім	Интеллектуальный продукт	Intellectual product
Елеулі зияткерлік үлес	Существенный интеллектуальный вклад	Significant intellectual contribution
Кәнілін емес, шешімді іздөу мәдениеті	Культура поиска решений, а не виновных	No blame culture
Кері оқыту әдістері	Методы обратного обучения	Teach-back methods
Кішігірім ақы	Символическая плата	Nominal payment
«Қақпашы» рұқсаты	Разрешение «привратника»	Gatekeeper permission
Қамқорлық	Благодействие	Beneficence
Құпия ақпарат	Конфиденциальная информация	Confidential information
Құпиялыштық	Конфиденциальность	Confidentiality
Құпиялыштық шекаралары	Границы конфиденциальности	Limits of confidentiality
Қымсыну	Смущение	Embarrassment
Мазасыздық	Тревожность	Anxiety
Мұдде қайшылығы (жеке, институциялық)	Конфликт интересов (личный, институциональный)	Conflict of interest (personal, institutional)
Парыз әдебі (деонтология)	Этика долга (деонтология)	Duty-based ethics (deontology)
Сандық зерттеу	Количественное исследование	Quantitative research
Сапалық зерттеу	Качественное исследование	Qualitative research
Хабарлы құптау	Информированное одобрение	Informed assent
Цифрлық зерттеу	Цифровое исследование	Digital research

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК БАСЫЛЫМ
Аида Сағынтаева
Елдос Нұрланов
Әділ Әшірбеков
Алима Ибрашева
Закир Джумакулов
Айгүл Ракишиева
Ләйла Әбдіманапова

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНОЕ ИЗДАНИЕ
Аида Сагинтаева
Елдос Нурланов
Адиль Аширбеков
Алима Ибрашева
Закир Джумакулов
Айгуль Ракишиева
Лайла Абдиманапова

Қазақстан білім зерттеушілерінің
әдеп кодексі.

Этический кодекс исследователей
образования Казахстана.

Дизайнер Дилара Писарева

Дизайнер Дилара Писарева

Компьютерде беттеген
Дилара Писарева

Компьютерная верстка
Дилара Писарева

Басуға 07.06.2021 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84/16.
Есептік баспа табағы 3,72.
Офсеттік басылым.
Әріп түрі «Source Sans Pro».
Офсеттік қағаз.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 5841.

Подписано в печать 07.06.2021 г.
Формат 60x84/16.
Усл.печ.л. 3,72.
Печать офсетная.
Гарнитура «Source Sans Pro».
Бумага офсетная.
Тираж 1000 экз.
Заказ № 5841.

Сапасы жөнінде мына мекемеге
хабарласыңыз:
Қазақстан Республикасы,
Назарбаев Университеті Жоғары білім
беру мектебі,
050012, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай
батыр даңғылы, 53,
тел. +7(7172)706628 +7(7172)709369.
e-mail: gse@nu.edu.kz

С претензиями по качеству
обращаться:
Республика Казахстан,
Высшая школа образования
Назарбаев Университета
010000, г. Нур-Султан,
проспект Кабанбай батыра, 53,
тел. +7(7172)706628 +7(7172)709369
e-mail: gse@nu.edu.kz

Тауар сапа және қауіпсіздік
стандарттарына сай.
Сертификация қарастырылмаған.
Сақтау мерзімі шектелмеген.

Товар соответствует всем стандартам
качества и безопасности.
Сертификация не предусмотрена.
Срок годности не ограничен.

«Полиграфкомбинат» ЖШС басылды
050044, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41

Отпечатано в ТОО «Полиграфкомбинат»
050044, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Макатаева, 41

Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы (Kazakhstan Educational Research Association, KERA) ресми түрде 2014 жылдың тамыз айында құрылды. KERA құрылтайшыларының қатарында орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім деңгейлеріндегі даму институттарының басшылары мен мамандары бар. KERA әлемнің 38 елінің кәсіби ассоциацияларын біріктіретін Еуропа білім зерттеушілері қауымдастырының (EERA) мүшесі болып табылады.

KERA халықаралық деңгейде мойындалған ұстанымдар мен стандарттарды қолданатын отандық кәсіби зерттеушілердің қауымын құруды көздейді. Сонымен қатар ол Қазақстан мен Орта Азияның білім саясатының өзекті мәселелері бойынша зерттеулерді дамыту үшін практик-мамандар, сарапшылар, басқарушылар мен зерттеушілерді біріктіретін платформаға айналуды мақсат етеді.



ISBN 978-601-332-946-8

9 786013 329468